

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство просвещения Республики Казахстан  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**TIMSS критерийлерін қолдана отырып, білім алушылардың  
математикалық сауаттылығын қалыптастыру бойынша  
әдістемелік ұсынымдар**

**Методические рекомендации по формированию математической  
грамотности обучающихся с использованием критериев TIMSS**

Астана, 2023

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 9 хаттама).

Рекомендовано Научно-методическим советом Национальной академии образования им. БІ. Алтынсарина (протокол № 9 от 8 декабря 2023 года).

**TIMSS критерийлерін қолдана отырып, білім алушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.** – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 80 б.

**Методические рекомендации по формированию математической грамотности обучающихся с использованием критериев TIMSS.** – Астана: НАО имени БІ. Алтынсарина, 2023. – 80 с.

Әдістемелік ұсынымдарда 4, 8-сынып оқушыларының математикалық сауаттылығы TIMSS халықаралық зерттеулерінің нәтижелері бойынша талданған; TIMSS критерийлерін қолдана отырып, білім алушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруда әдістемелік ұсынымдар берілген және олардың негізінде тапсырмалардың үлгілері келтірілген.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының бастауыш сыныптары мен математика пәнінің педагогтарына, әр түрлі деңгейдегі әдіскерлерге арналған.

В методических рекомендациях проанализированы результаты международных исследований TIMSS по математической грамотности учащихся 4, 8 классов по циклам; даны методические рекомендации по формированию математической грамотности обучающихся с использованием критериев TIMSS и на их основе приведены образцы заданий.

Методические рекомендации предназначены для педагогов начальных классов и математики организаций среднего образования, методистов различного уровня.

© БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023

© НАО им. БІ.Алтынсарина, 2023

## Кіріспе

Математикалық білім жас ұрпақтың жалпы мәдениетін қалыптастыруына, қоршаған әлемнің үйлесімділігін түсінуіне ықпал етеді; білім алушылардың логикалық сыни, аналитикалық және кеңістіктік ойлауын, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытады. Математикалық білім беруде пән мазмұны мен оқыту әдістемесін практикамен байланыстыру маңызды рөл атқарады.

Жалпы білім беретін мектепте жаратылыстану-математика бағыты пәндері оқыту барысында меңгерілетін білім мен қалыптастырылатын дағдылардың қолданылуын талап ететін міндеттер күнделікті және кәсіби өмірде жиі кездеседі. Сондықтан осы пәндерді, оның ішінде математиканы игеруде алынған білімнің сапалы болуымен қатар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда ерекше назарда болуы керек.

Функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі болып табылатын математикалық сауаттылық математиканы оқудағы табыстылықтың маңызды факторларының бірі оқушының математикалық ойлауын, математиканы қолдану және түсіндіру қабілетін, әр түрлі практикалық мәнмәтінде есептер шығаруын, пайымдаулар жасауын, ойластырылған шешімдер қабылдауын қалыптастырады және дамытады.

Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық бағдарламаларда төрт негізгі бағытқа назар аударылады, олардың бірі математикалық сауаттылық.

Білім алушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруда білім беру саласында жүргізіліп жатқан түрлі зерттеулер нәтижелерінің өзіндік рөлі бар. Сонымен қатар, оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жүргізілетін халықаралық зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі – математикалық сауаттылық. Отандық және халықаралық зерттеулердің нәтижелерінің негізінде математикалық сауаттылықты қалыптастыру мәселесінің жолдары қарастырылады және нақтыланады.

Осындай зерттеулердің бірі - TIMSS халықаралық зерттеулері. халықаралық зерттеулері білім алушылардың оқу барысында меңгерген білімі мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілеттерін бағалайтыны белгілі. Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдарда TIMSS халықаралық зерттеулерінің критерийлерін қолданып, білім алушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру сұрақтары қарастырылған.

Әдістемелік ұсынымдарда 4, 8-сынып оқушыларының математикалық сауаттылығы бойынша TIMSS халықаралық зерттеулерінің соңғы үш жылдағы нәтижелері талданған және талдау критерийлеріне қатысты қорытынды жасалған; білім алушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруда әдістемелік ұсынымдар берілген және олардың негізінде тапсырмалардың үлгілері келтірілген.

# 1 МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ БОЙЫНША TIMSS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Бүгінгі күнде еліміздің білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан бағыттардың бірі әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге болып табылады. Бұл жұмысты орындау көрсеткіштерінің бірі – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.

Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана мағынасы кеңейе түсіп, функционалдық сауаттылыққа ұласады.

Функционалдық сауаттылық оқушыларға мүмкіндік беретін пәндік негізгі құзыреттер жүйесі, игерілген білімді практикалық жағдайда тиімді қолдану, қабілеттілік сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу және мүмкіндігінше тез бейімделу және онда жұмыс істеу деп түсініледі.

Қазіргі қоғамда *сауаттылық* ұғымы кез келген іс-әрекеттің өлшемі, көрсеткіші ретінде қалыптасып, кең таралып отыр. Мысалы, музыкалық сауаттылық, техникалық сауаттылық, ақпараттық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, т.б. кездестіреміз.

Бұл терминдер адамның өмірдің және іс-әрекеттің түрлі саласында қолданбалы білім негізінде қалыпты тіршілік міндеттерін шешу қабілетін бағалау мақсатында қолданылып жүргені белгілі. Осыған байланысты функционалдық сауаттылықтың бірнеше түрін анықтауға болады (1-кесте):

- 1) оқу және жазу сауаттылығы;
- 2) математикалық сауаттылық;
- 3) жаратылыстану-ғылыми сауаттылық;
- 4) компьютерлік сауаттылық;
- 5) заң және құқық мәселесіндегі сауаттылық және т.б.

## 1-кесте. Функционалдық сауаттылық түрлері

Сауаттылық мазмұны	Құзыреттіліктер
Оқу сауаттылығы	- мәтінді дұрыс, саналы, түсініп оқу; - мәтін бойынша сұрақтар қою және сұрақтарға жауап беру; - оқығанын өмірмен байланыстыру, өмірден мысалдар келтіру; - оқыған мәтіннің мазмұнына байланысты өз ой-пікірін білдіру, дәлелдеу
Жазу сауаттылығы	- дұрыс, таза, қатесіз жазу; - жазу барысында грамматикалық, синтаксистік және пунктуациялық нормалар мен ережелерді орынды қолдану, неліктен қолданғанын дәлелдей білу;

	- өз ойын толық, жан-жақты, жүйелі қағазға түсіре білу
Математикалық сауаттылық	- математиканың өмірдегі орнын түсіну, білу; - әр түрлі формада берілген сандық ақпаратты оқу, талдау; - есептерді шығарудың ыңғайлы тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру; - математикалық білімін өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану
Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық	- қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау; - заттар мен құбылыстардың негізгі және жанама белгілерін ажырату; - алған білімін, қарапайым ғылыми зерттеу дағдыларын қолдану
Компьютерлік сауаттылық	- компьютерде ақпарат іздеу; - компьютерде жұмыс істеу; - компьютерде түрлі бағдарламалар жасау Ақпараттық сауаттылық - іздеп табу, іріктеу; - талдау, өңдеу, жалпылау; - тұжырымдау, есте сақтау, жағдаятқа қарай қолдану
Коммуникативтік сауаттылық	- өзіне қарата білу; - пікірталасқа қатыса білу, өз пікірін дәлелдей білу; - басқаны тыңдай және түсіне білу -сұрақ қоя білу және нақты, толық жауап бере білу

Математикалық сауаттылық - бұл әр түрлі практикалық контексттерде есептерді шешу үшін адамның математикалық ойлау, математиканы тұжырымдау, қолдану және түсіндіру қабілеті. Ол ұғымдарды, процедуралар мен фактілерді, сондай-ақ құбылыстарды сипаттауға, түсіндіруге және болжауға арналған құралдарды қамтиды; адамдарға әлемдегі математиканың рөлін түсінуге, негізделген пайымдаулар жасауға және шешім қабылдауға көмектеседі. Математикалық сауаттылықты анықтауда әртүрлі контексттерде практикалық есептерді шешу үшін математиканы қолдануға ерекше назар аударылады.

Тапсырмалардың математикалық мазмұны:

- *өзгеріс және тәуелділік*: бұл әртүрлі процестердегі айнымалылар арасындағы тәуелділіктің математикалық сипаттамасымен байланысты тапсырмалар, яғни алгебралық материалмен;
- *кеңістік пен пішін*: кеңістіктік және жазықтық геометриялық пішіндер мен қатынастарға, яғни геометриялық материалға қатысты тапсырмалар;
- *сан*: сандар мен олардың арасындағы қатынастарға байланысты тапсырмалар, математика бағдарламаларында бұл материал көбінесе арифметика курсына жатады;
- *белгісіздік және деректер*: тапсырмалар статистика және ықтималдық бөлімдерін зерттеу тақырыбы болып табылатын ықтималдық және статистикалық құбылыстар мен тәуелділіктерді қамтиды.

Ойлау қызметі-математика тіліндегі жағдайды тұжырымдау; математикалық ұғымдарды, фактілерді, рефлексия процедураларын қолдану; математикалық нәтижелерді түсіндіру, пайдалану және бағалау. Бұл ойлау процестерінің әрқайсысы математикалық пайымдауларға сүйенетіні анық.

Математикалық құзыреттілік – ол, шыққан нәтижелерді түсіндіру, оны талдау және түрлендіру, жағдайдың математикалық моделін жасау, математикалық қатынастарды мүшелеу, мәліметтерді (жағдайды) құрылымдау қабілеттілігі. Басқаша айтқанда, оқушының математикалық құзыреттілігі, күнделікті өмірде пайда болатын мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдануға мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламаларында математикалық құзыреттілік деңгейін сипаттау үшін, пайдалануға қабылданған оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын келесі талаптар тұжырымдалған:

«Алған білімі мен қалыптастырылған білігі мен дағдыларын тәжірибелік іс-әрекет пен күнделікті өмірде:

– қажет болған жағдайда анықтамалық материалдарды және қарапайым есептеуіш құрылғыларды пайдаланып, дәрежесі, радикалы, логарифмі және тригонометриялық функциялары бар формулаларды қоса алғанда, формулалар бойынша тәжірибелік есептеулер жүргізу;

– ең қарапайым математикалық моделдерді құрастыру және зерттеу;

– нақты байланыстарды функцияның көмегімен суреттеу және зерттеу, оларды график түрінде беру;

– нақты үдерістерді графиктерін түсіндіру;

– геометриялық, физикалық, экономикалық және басқа да қолданбалы есептерді, оның ішінде математикалық анализ аппараты қолданылатын ең үлкен және ең кіші мәндерге арналған есептерді шешу;

– диаграмма, графиктер, статистикалық сипаттағы ақпараттарды талдау түрінде берілген нақты сандық мәліметтерді талдау;

– формулалар мен фигуралар қасиеттері негізінде қарапайым тәжірибелік жағдайларды зерттеу (моделдеу); қажет болған жағдайда анықтамалықты және есептеуіш құрылғыны пайдаланып, тәжірибелік есептерді шешу кезінде нақты

объектілердің ұзындықтарын, аудандары мен көлемдерін есептеу үшін пайдалану».

Оларды шешу үшін, математиканы оқытуда игерілетін білім мен қалыптасатын білікті қажет ететін күнделікті өмірде кездесетін жағдайларды талдау. Ол үшін қажетті пәндік біліктілік тізімі көп емес екенін көрсетеді:

– есептеу үшін белгілі формулаларды пайдаланып амалдардың нәтижелерін дөңгелектеуді және бағалауды (шамалауды) қоса алғанда есептеу жүргізе білу;

– әр түрлі формада берілген (кесте, диаграмма, графиктер, схема және т.б.) ақпаратты алу және түсіндіре білу;

– қарапайым нақты құбылыстар мен үдерістерді сипаттау үшін статистика және ықтималдық элементтерін біліп қолдана білуі; – практикалық мазмұнды есептерді шешу кезінде нақты объектілердің ұзындықтарын, аудандарын және көлемдерін есептей білуі;

– халықаралық деңгейде оқушылардың құзыреттілігін тексеру үшін, есептердің екі типі – таза математикалық және мәнмәтінді (тәжірибелік-бағдарлық) пайдаланылады.

– есепті шешуде математиканы пайдалану үшін, мәнмәтінді шынайы шарттарды қамтамасыз ететін, оның шешуіне және түсіндіруіне әсер ететін есептер мәнмәтінді есептерге жатады;

– мұндай типті есептерді шешу кезінде ауырлық орталығы, нақты жағдайдың моделін жасау аймағында жатады. Моделді жасау математикалық дайындықтың жоғары деңгейін талап етеді және жалпы мәдениеттік (жалпы білім беретін) деп атау орынды болатын оқыту нәтижесі болып табылады.

Осы орайда негізгі міндеттерге білім берудің халықаралық стандарттарға сәйкес болуы қарастырылады. Сонымен қатар, функционалдық сауаттылық ұғымы оқу пәндері, оның ішінде математика бойынша білім берудің күтілетін нәтижелеріне сипаттама беретін халықаралық зерттеулерде кеңінен зерделенеді.

Мектептегі математикалық білім беру сапасын халықаралық мониторингтік зерттеу TIMSS - IEA оқу жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастықтар ұйымдастырған бағдарлама. Бұл зерттеу 4 және 8-сынып оқушыларының математикалық білім деңгейі мен сапасын салыстыруға мүмкіндік береді. Зерттеу циклдік түрде жүргізіледі. Қазақстан TIMSS-2007, 2011, 2015, 2019-ға қатысты.

TIMSS зерттеудің негізгі мақсаты бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлерінде математикалық білім беру сапасын салыстырмалы бағалау болып табылады. Бұл зерттеулерде әр төрт жыл сайын 4 және 8-сынып оқушыларының білімі мен дағдыларын ғана емес, сонымен қатар пәндерге деген көзқарастарын, қызығушылықтары мен оқуға деген ынталарын қамтитын білім жетістіктері бағаланады.

Зерттеу нәтижелері қатысушы елдердің математикалық біліміндегі тенденцияларды төрт жыл сайын, яғни 4-сынып оқушылары 8-сынып оқушылары болған кезде бақылауға мүмкіндік беретін етіп жоспарланған. Осылайша, бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлерінде оқушылардың

оқу жетістіктеріне, сондай-ақ білім берудің бір деңгейінен келесі деңгейге өту кезінде математикалық білім беруде болып жатқан өзгерістерге мониторинг жүргізіледі. Сонымен қатар, мектептегі математикалық білім беру мазмұны мен оқу процесінің ерекшеліктері зерттеледі.

Халықаралық зерттеуінің тапсырмалары мынадай қағидаттар негізінде әзірленеді: тексерілетін мазмұн мен оқу-танымдық қызмет түрлерін қамту; қатысушы елдердің көпшілігінде оқытылатын материалға тапсырмалар мазмұнының барынша сәйкестігі; тапсырмалардың байланысын қамтамасыз ету; математикалық білім беруді дамыту тұрғысынан тексерілетін мазмұнның маңыздылығы; жетістіктерін бағалау үшін тапсырмалар мазмұнының оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі; зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкестігі.

Оқушылардың математикалық дайындығын бағалау үшін тесттерге (әр нұсқаға) әр түрлі типтегі тапсырмалар (жауапты таңдау, қысқа және толық жауап беру, практикалық тапсырмалар) енгізіледі. 4 және 8-сынып оқушыларына арналған математика бойынша халықаралық тестілеу нәтижелері әр сынып бойынша жеке өңделеді және талданады.

TIMSS құралдар жинағы оқушылардың осындай танымдық салалардағы білім жетістіктерін бағалайды білім, қолдану және пайымдау.

«Білім» блогы оқушыдан сандар мен қарапайым геометриялық фигуралардың қасиеттерін академиялық білуді, анықтамаларды тұжырымдау және стандартты графиктер мен диаграммалардан ақпарат алуды талап ететін математика есептерін қамтиды.

Қолдануға арналған тест тапсырмаларын орындау кезінде оқушылар әртүрлі өмірлік жағдайлары бар математикалық есептерді шешу, кестемен, диаграмма және графикпен берілген деректерді түсіндіру, эксперименттік жұмыстарды жүргізу дағдыларын көрсетуі керек.

Пайымдауды қажет ететін есептер ұсынылған жағдайдың жаңалығымен, сұрақтың күрделілігімен, шешу жолының қадамдарының санымен, математиканың әртүрлі салалары бойынша білімді біріктіру қажеттілігімен ерекшеленуі мүмкін (2-кесте).

2-кесте. Математикадан тест тапсырмаларын мазмұндық блоктар бойынша бөлу

4-сынып		8-сынып	
50%	<b>Сандар:</b> натурал сандар; жай және ондық бөлшектер; санды өрнектер және теңдеулер; тізбектер және тәуелділік	30%	<b>Числа:</b> натурал сандар; жай және ондық бөлшектер; бүтін сандар; қатынас, процент және пропорция
30%		<b>Алгебра:</b> тәуелділік; алгебралық өрнектер; теңдеу/өрнек және функция	




35%	<b>Геометриялық фигуралар және олардың өлшемдері:</b> нүкте, кесінді, бұрыш; фигураларды жазықтықта және кеңістікте бейнелеу	20%	<b>Геометрия:</b> геометриялық өрнектер; геометриялық фигуралар; фигуралардың орналасуы мен қозғалысы
15%	<b>Мәліметтерді беру:</b> мәліметтерді ұйымдастыру және интерпретациялау; мәліметтерді беру	20%	<b>Мәліметтер және ықтималдық:</b> мәліметтерді интерпретациялау; мәліметтерді ұйымдастыру және беру; ықтималдық
<b>Оқу-танымдық қызмет түрлері</b>			
40%	Білу	35%	Білу
40%	Қолдану	40%	Қолдану
20%	Талдау	25%	Талдау

Математикалық сауаттылық бойынша TIMSS халықаралық зерттеуінің нәтижелерін талдау 4 және 8-сыныптарға қатысты жеке қарастырылады.

#### **4-сынып**


Қазақстанның 4-сынып оқушылары TIMSS халықаралық зерттеуіне 2007 жылдан бері қатысып келеді. 2007-2019 жылдар аралығындағы зерттеу циклдері бөлінісінде қазақстандық 4-сынып оқушыларының жетістіктері бірқалыпты емес. Атап айтқанда, 2011 жылғы көрсеткіштер 2007 жылмен салыстырғанда 48 балға төмендеген болса, 2015 жылғы көрсеткіштер 2011 жылмен салыстырғанда 43 балға өскенін, ал 2019 жылдың нәтижесі 2015 жылмен салыстырғанда 32 балға қайта төмендеген (1-сурет).

Бірақ, барлық цикл бойынша қазақстандық 4-сынып оқушылары математикадан TIMSS шкаласының орташа мәнінен (500 балл) жоғары нәтижелер көрсеткен (2-сурет).



Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер (IEA 2007, 2011, 2015, 2019)

1-сурет. Математика бойынша циклдер бөлінісінде Қазақстанның 4-сынып оқушыларының нәтижелері



2-сурет. Математика бойынша циклдер бөлінісінде халықаралық орташа көрсеткіш пен Қазақстанның 4-сынып оқушыларының нәтижелерінің орта көрсеткішін салыстыру

### 2007 жыл.

TIMSS халықаралық зерттеуіндегі математикалық тапсырмалар арифметика, геометриялық фигуралар, сызбалар мен диаграммалар бойынша жаттығулардан тұрды.

Барлық тапсырмалар 4 деңгейге (төменгі, орташа, жоғары және ілгері) бөлінген.

Математикадан ілгері деңгей тапсырмаларын қазақстандық төртінші сынып оқушыларының 19%-ы (халықаралық көрсеткіш небәрі 5%-ды құрайды), жоғары деңгейдегі тапсырмаларын 52%-ы (26%-ы ғана халықаралық орташа көрсеткішті), төмен деңгейдегі тапсырмаларды 95%-ы (халықаралық орташа көрсеткіш – 90%-ы) орындаған [1].


Осылайша, Қазақстанның 4-сынып оқушылары 549 балл жинаған. Бұл көрсеткіш халықаралық орташа балдан 49 балға жоғары, 4 елдің нәтижесінен төмен және 27 елдің нәтижесінен жоғары болды.

### 2011 жыл.

TIMSS-2011 төртінші сынып оқушыларының зерттеу сынақтарында математика пәні бойынша 175 тапсырма болды. 4-сынып оқушысының тест кітапшасының әр нұсқасына 44-тен 50-ге дейін тапсырмалар кіреді. 4-сыныптарда барлық тест тапсырмаларын орындауға 72 минут уақыт берілді. Төртінші сынып оқушыларының елден тәуелсіз математикалық білім беру сапасының мониторингіне қатысу қорытындысы бойынша әлемнің 27 елінің нәтижелері статистикалық тұрғыдан халықаралық орташа балл деңгейінен жоғары. Жалпы есепте қазақстандық төртінші сынып оқушыларының TIMSS-2011 тест тапсырмаларын орындаудағы нәтижелік көрсеткіші 501 балды құрады [2]. Бұл халықаралық орташа балдан 1 балға жоғары болса, 2007 жылғы көрсеткіштен 48 балға төмен.

### 2015 жыл.

TIMSS-2015-те қазақстандық 4-сынып оқушыларының математика пәнінен нәтижелері TIMSS-тің 500-балдық халықаралық шкаласының орташа мәнінен айтарлықтай жоғары, яғни 4-сынып оқушыларының көрсеткіші халықаралық шкала бойынша 544 балды құрады, яғни 2011 жылғы зерттеумен салыстырғанда 43 балға жоғары [3].



Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер (IEA 2007, 2011, 2015, 2019)

3-сурет. Қиындық деңгейлері бөлінісінде қазақстандық төртінші сынып оқушыларының үлесі, (%) [4]

Қазақстандық төртінші сынып оқушылары TIMSS-2015 халықаралық зерттеуіне қатысқан 49 елдің арасында 12-орынды иеленді.

### 2019 жыл.

Қазақстандық 4-сынып оқушыларының математикадан орташа нәтижесі 512 балды (58 ел арасында 13-орын) құрады. Қазақстандық төртінші сынып оқушыларының нәтижелерін 9 елдің, соның ішінде Канада, Италия, Болгарияның нәтижелерімен салыстыруға болады. ТМД елдерінің рейтингінде қазақстандық оқушылардың нәтижесі Грузия елінің көрсеткіштерінен жоғары, бірақ Ресей Федерациясының көрсеткіштерінен айтарлықтай төмен нәтиже көрсетті [4].

Бұл халықаралық орташа балдан 12 балға жоғары болса, 2015 жылғы көрсеткіштен 32 балға төмен көрсеткіш.

Қазақстан оқушыларының көрсеткішін математикалық дайындық деңгейлері бойынша бөлу

TIMSS халықаралық зерттеуінде математикалық дайындық анықтау төрт деңгейден (төмен, орташа, жоғары және ілгері) тұрады.

TIMSS зерттеуінде көрсетілген математикалық дайындық деңгейлеріне сәйкес, қазақстандық бастауыш сынып оқушыларының 5-19% – ы ілгері, ал 29-52% - ы жоғары деңгей көрсетті. Бұл дегеніміз, төртінші сынып оқушыларының

өз білімдерін жеткілікті күрделі мәселелерді шешуге және шешімдерін негіздеуге қолдана алатынын көруге болады.

Математикалық дайындықтың орташа деңгейіне қазақстандық төртінші сынып оқушыларының 62-81% жетті. Олар негізгі математикалық білімді қарапайым түрде қолдана алады. Төмен деңгей, яғни кейбір негізгі білімнің болуы төртінші сынып оқушыларының 88-96% көрсетті.

Тапсырмаларды орындау базалық математикалық білімді де, математикалық үлгі жасаудың біршама дағдыларын да қарастырады. Тесттің мазмұнына байланысты TIMSS тапсырмалары қиындық деңгейлері бойынша бөлінген. Қатысушылардың математикалық дайындығының әрбір деңгейі үшін критерийлер анықталған. Ілгері деңгейге жеткен 4-сынып оқушылары сәйкесінше алдыңғы үш деңгейдің тапсырмаларын да орындаған (3-сурет).

2011 жылы Қазақстандық төртінші сынып оқушылары қиындығы төмен тапсырмалардың 88 % орындаса, 2019 жылы 95 % орындай алған. Осындай өзгерістер қиындығы орташа, жоғары, ілгері тапсырмалар бойынша да байқалады (3-кесте).

3-кесте. Циклдар бөлінісінде қиындық деңгейлері бойынша төртінші сынып оқушыларының нәтижелері

Қиындық деңгейлері	2007 жыл	2011 жыл	2015 жыл	2019 жыл
Ілгері деңгей (625)	19	↑ 7 (-12)	↑ 16 (+9)	↓ 5 (-11)
Жоғары деңгей (550)	26	↓ 29 (+3)	↑ 47 (+18)	↓ 29 (-18)
Орташа деңгей (475)	67	↓ 62 (-5)	↑ 80 (+18)	↓ 71 (-9)
Төмен деңгей (400)	90	88 (-2)	96 (+8)	95 (-1)

#### *Мазмұндық салалар бойынша жетістіктер*

2019 жылғы қазақстандық бастауыш сынып оқушыларының нәтижелері 2015 жылмен салыстырғанда «Геометриялық фигуралар мен өлшемдер» бөлімі бойынша 27 балға төмендеген, ал 2011 жылмен салыстырғанда өсім 22 балды құрады. 2019 жылы «Деректер» бөлімі бойынша көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 43 балға, 2011 жылға қарағанда 5 балға көтерілгені байқалады. (4-сурет).



Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер (IEA, 2007,2011,2015,2019)

4-сурет. Математиканың мазмұндық салалары бойынша төртінші сынып оқушыларының нәтижелері

TIMSS циклдары бөлінісінде 4-сынып оқушыларының көрсеткіштерін талдау қазақстандық балалардың «Сандар» мазмұндық саласындағы тапсырмаларды неғұрлым табысты орындағанын көрсетеді. Төртінші сынып оқушылары арифметикалық амалдарды, әсіресе натурал сандарды жақсы игерген, алайда геометриялық өлшеу дағдыларын және «Деректер» мазмұны бойынша жауаптарды түсіндіруді қажет ететін тапсырмаларды сәтсіз орындайды [4].

4-кесте. Оқушылар нәтижелерінің үрдісі/ мазмұнды бөлімдер/орташа балл

Сандар			Геометриялық фигуралар мен өлшемдер			Деректер		
2007 жыл	2011 жыл	айырма	2007 жыл	2011 жыл	айырма	2007 жыл	2011 жыл	айырма
556	515	-41	542	491	-43	522	476	-46
2011 жыл	2015 жыл	айырма	2011 жыл	2015 жыл	айырма	2011 жыл	2015 жыл	айырма
515	552	+37	491	540	+49	476	524	+48
2015 жыл	2019 жыл	айырма	2015 жыл	2019 жыл	айырма	2015 жыл	2019 жыл	айырма
552	523	-29	540	513	-27	524	481	-43

*Танымдық салалар бойынша жетістіктер*

Қазақстандық төртінші сынып оқушылары танымдық іс-әрекеттің үш түрі бірдей сәтті игерді.

TIMSS-2007 зерттеуінде ілгері деңгейге қазақстандық 4-сынып оқушыларының 19%-ы жетті, бұл орташа халықаралық көрсеткіштен біршама жоғары. Қазақстан оқушыларының нәтижелері басты орындарда тұрған елдермен салыстырғанда едәуір төмен. Айтарлықтай төмен деңгейлерге бөлінген

математикалық іс-әрекеттің барлық түрлері сол деңгеймен салыстырғанда неғұрлым жоғары деңгейге тән іс-әрекеттің құрамды бөліктері болып табылады [1].

TIMSS-2011 халықаралық есеп мәліметтері бойынша қазақстандық төртінші сынып оқушыларының ілгері деңгей тапсырмаларын орындауда 7% (төмен) көрсеткіш көрсетті. Бастауыш сынып оқушыларының күрделі тапсырмаларды шешу (7%) амалдарын кесте және диаграммалар түріндегі ақпаратты талдауды жеткілікті меңгермегендіктерін, геометрия саласынан алған білімдерін әлсіз қолданатындарын растайды. Математикалық дайындықтың жоғары деңгейін 4-сынып оқушыларының 29% көрсетті. Зерттеуге қатысушы қазақстандық төртінші сынып оқушылары күрделілігі орташа деңгейлі математикалық тапсырмаларды (62 %) сәтті орындады. 4-сынып оқушыларының жартысынан көбі күрделі емес тапсырмаларды шешуде базалық білімдерін пайдалана алатындықтарын көрсетті [2].


TIMSS-2015 зерттеуіне қатысушы қазақстандық төртінші сынып оқушыларының 16 % ілгері деңгей тапсырмаларын, 47 % жоғары деңгей тапсырмаларын, 80 % оқушылар орташа деңгей тапсырмаларын, 96 % оқушылар төмен деңгей тапсырмаларын орындағанын көруге болады. Қазақстандық төртінші сынып оқушылары бөлшек тақырыбымен тек 5-сыныпта ғана танысса да, бөлшектерге берілген тапсырмалардың 28%-ы яғни халықаралық тесттің ілгері деңгейінің тапсырмаларын орындай алғанын көруге болады. Осылайша бастауыш сынып оқушылары қосымша білімдерін және кейбір математикалық есептерді түсінетінін көрсетті. Қолданыстағы оқу бағдарламаларына сәйкес, бастауыш мектеп төртінші сынып оқушыларын «бөлшек», «алым» және «бөлгіш» ұғымдық ақпаратымен ғана таныстырады және олар тұтастың бір бөлігін таба алады [3].

TIMSS-2019 нәтижелерінің талдауы көрсеткендей, Қазақстан оқушыларының көпшілігі (42%) қиындық деңгейі төмен және орташа тапсырмаларды орындай алды. Зерттеу технологиясына сәйкес, қиындық деңгейінің әрбір келесі деңгейіндегі тапсырмаларды орындай алған оқушылардың үлесіне алдыңғы қиындық деңгейінің тапсырмаларын орындаған оқушылар кіреді. Зерттеуге қатысқан қазақстандық төртінші сынып оқушыларының 24% тек төмен деңгейдегі тапсырмаларды, 42% тек төмен және орташа деңгейдегі тапсырмаларды, 24% тек төмен, орташа және жоғары деңгейдегі тапсырмаларды, 5% ілгері деңгейді қоса алғанда, барлық деңгейдегі тапсырмаларды орындаған. Осылайша, қазақстандық төртінші сынып оқушыларының 95%-ы төмен деңгейдегі тапсырмаларды, 71%-ы күрделілігі орташа деңгейдегі тапсырмаларды, 29%-ы жоғары деңгейдегі тапсырмаларды, 5%-ы ілгері деңгейдегі тапсырмаларды орындаған [4].

«Білу» саласындағы тапсырмалар бойынша елдің жалпы орташа балынан жоғары нәтиже көрсетті (2007 жыл +47 балл, 2011 жыл +3 балл, 2015 жыл +15 балл, 2019 жыл +10 балл).

«Пайымдау» саласындағы тапсырмалар бойынша елдің жалпы орташа балынан жоғары нәтиже көрсетті (2007 жыл +39 балл, 2011 жыл +1 балл, 2015 жыл +53 балл, 2019 жыл +7 балл).

«Қолдану» танымдық саласындағы нәтижелерін талдау кезінде 2011 жылы қазақстандық төртінші сынып оқушыларының 499 балл жинап, жалпы орташа балға 1 балл жетпей қалғанын көруге болады.




Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер (IEA, 2007,2011,2015,2019)

5-сурет. Циклдар бөлінісінде математиканың танымдық салалар бойынша төртінші сынып оқушыларының нәтижелері

5-кесте. Оқушылар нәтижелерінің үрдісі/ танымдық салалар/орташа балл

Пайымдау			Қолдану			Білу		
2007 жыл	2011 жыл	айырма	2007 жыл	2011 жыл	айырма	2007 жыл	2011 жыл	айырма
539	501	-38	559	499	-60	547	503	-44
2011 жыл	2015 жыл	айырма	2011 жыл	2015 жыл	айырма	2011 жыл	2015 жыл	айырма
501	553	+52	499	541	+42	503	546	+43
2015 жыл	2019 жыл	айырма	2015 жыл	2019 жыл	айырма	2015 жыл	2019 жыл	айырма
553	507	-46	541	514	-27	546	510	-36

Төменде математика бойынша әртүрлі дайындық деңгейлері келтірілген



Мазмұны: Деректер»  
 Танымдық саласы: «Білім»  
 Жетістік деңгейі: төмен  
 Қазақстан бойынша нәтиже: 79%  
 Ел бойынша орташа нәтиже: 84%  
 Максималды нәтиже: 98%  
 Минималды нәтиже: 47%

Сарапшының пікірі. Бастауыш мектепте математиканы оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қатысты дайын диаграмманы оқу мүмкіндігі тексеріледі. Қойылған сұраққа жауап беру үшін белгілі бір күні сайтқа кірушілердің саны туралы ақпарат алу керек. Ол үшін диаграмманы аптаның күні табу үшін көлденең ось бойынша және келушілер саны табу үшін тік ось бойынша оқу, сонымен қатар арасындағы сәйкестікті табу. «Өз жауабыңды тап» сайтына кіру» тапсырмасын орындау үшін белгілі бір күнгі сайт пайдаланушыларының саны туралы ақпаратты алу керек болады.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Кестеде үлкен жыландардың мөлшері келтірілген.		
Жыланның түрі	Масса (килограмм)	Ұзындығы (метр)
Айдаһар жылан	27	4
Бирмандық питон	90	5-тен 7-ге дейін
Жасыл анаконда	227	6-дан 9-ға дейін
Корольдік әбжылан	9	4

А. Жанат ұзындығы 8 метр жыланды көрді. Бұл жыланның қандай түрі болуы мүмкін?  
 В. Нәйлә ұзындығы 6 метр және массасы 80кг жыланды көрді. Бұл жыланның қандай түрі болуы мүмкін?

Мазмұны: «Деректер»  
 Танымдық саласы: «Қолдану»  
 Жетістік деңгейі: орташа  
 Қазақстан бойынша нәтиже: 62%  
 Елдер бойынша орташа нәтиже: 68%  
 Максималды нәтиже: 97%  
 Минималды нәтиже: 2%

Сарапшының пікірі. Қиындығы орташа деңгейі тапсырмаларының мазмұны қатысушылардың кестедегі мәтіндік тапсырмалармен жұмыс жасау дағдыларын меңгеруін анықтайды. Бұндай тапсырмалар бастауыш мектептің оқулықтарында көп кездесе бермейді, бірақ оқушылар масса және ұзындық сияқты ұғымдарды біледі және берілген мәліметтерді талдап, кестемен салыстыра алады. Кестеден (А сұрағына) немесе екі шарты бар (В сұрағына) жауап беретін деректерді алу керек. Кестеде берілген жыланның массасы (90кг) мен қыз көрген жыланның массасын (80кг) салыстыру қиындық туғызуы мүмкін еді.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі



Мазмұны: «Геометриялық фигуралар және өлшемдер»

Танымдық саласы: «Пайымдау»

Қазақстан бойынша нәтиже: 57%


Елдер бойынша орташа нәтиже: 58%

Ең жоғары нәтиже: 76%

Ең төмен нәтиже: 18%

Дөңгелектің ішінде барлық қабырғалары тең болатын үшбұрыш сал.

Қандай нүктелерді өзара қостыңыз?



Сарапшының пікірі. Тең бүйірлі үшбұрышты тең бөліктерге бөлінген шеңберге сызу қабілеті тексеріледі. Шеңбердің тең бөліктерге бөлінгенін көріп қана қоймай, сонымен қатар тең бүйірлі үшбұрышты салу үшін әрбір төртінші нүктені кесінділермен байланыстыру қажет екенін түсіну қажет болды, және нүктелерді қосу тәсілін сипаттаңыз. Тапсырма студенттер үшін әдеттен тыс, өйткені ұқсас тапсырмалар оқулықтарда жоқ. Бұл тапсырманы төртінші сынып оқушыларының барлығы дерлік шешуге тырысты. Көпшілігі шығармашылық қасиеттерін көрсетіп, оны жеңе алды (57% дұрыс орындады). Бұл нәтиже максимумнан 18%-ға төмен.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Бинүрдың 12 сым үзігі, 40 домалақ моншағы және 48 жалпақ моншағы бар. Ол 1 білезікті жасау үшін 1 сым үзін, 10 домалақ және 8 жалпақ моншақты пайдаланады. Егер Бинүр өзінің барлық білезіктерін бірдей жасаса, онда ол қанша білезік жасай алады?

A 40

C 5

B 12

D 4

Мазмұны: «Сандар»

Танымдық саласы: «Пайымдау»

Қазақстан бойынша нәтиже: 52% Елдер бойынша орташа нәтиже: 37% Ең жоғары нәтиже: 76%

Ең төмен нәтиже: 18%

Сарапшының пікірі. Шарты белгілі қызық математикалық есеп. Мән-мәтіні шынайы айтарлықтай таныс жағдайдан алынған. Төртінші сынып оқушыларының

ақпаратты талдау, есеп шығару қабілеті бағаланады. Тапсырманың берілген форматтағы мазмұндық құрамдас бөлігі қазақстандық оқулықтарда әрдайым пайдалана бермейді. Бастауыш сынып мұғалімдері бұндай тапсырмаларды көп жағдайда математиканың қосымша сабақтарында орындайды. Тапсырманы орындау үшін оқушыға есептің шартын мұқият талдау, шешімнің барысын жоспарлау, оны іске асыру және жауапты тексеру керек. Оқушыға бөлудің бірнеше амалын орындап, жекелеген материал (сым, домалақ моншақ, жалпақ моншақ) қанша білезікке жететінін тексеру керек. Содан соң жауап алу үшін нәтижелерді салыстыру керек. Жауап алғаннан кейін барлық шарттардың есепке алынғанын тексеру керек. Қазақстаннан қатысушылардың бұл тапсырманы орындау нәтижесі, ең алдымен, зерттеу қатысушыларының кезең-кезеңмен пайымдауда қалыптасқан құзыреттердің төмен деңгейіне

байланысты. бағдарламасында «Мәліметтерді ұсыну» бөлімінің тақырыбы шеңберінде оқытылады. Сәйкесінше, жалпы нәтиже төмен болды.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Триатлон жарысында спортсмендер ең алдымен жүзеді, содан соң велосипед тебеді, содан кейін жүгіреді. Кестеде Күләш, Бибігүл мен Саняның нәтижелері келтірілген. Бір қыздың триатлонда көрсеткен жалпы уақыты кестеге жазылды.

Триатлон бойынша нәтижелер (минут)

	Күләш	Бибігүл	Саня
Жүзу	35	5	50
Велосипед тебу	80	0	85
Жүгіру	135	30	120
Барлығы	250		

А. Анағұрлым аз минут жұмсап, жарысты аяқтайтын қыз женеді. Триатлонда қыздардың қайсысы жеңді? Оның қанша уақыты жұмсалды?

В. Саня келесі жылы триатлонда анағұрлым аз уақыт көрсеткісі келеді. Ол Күләш пен Бибігүлді жеңу үшін өз нәтижесін спорттың қай түрі бойынша жақсарту керек?

Бір торды белгілеңіз.


Жүзу

Велосипед тебу

Жүгіру

Кестеде келтірілген мәліметтерді пайдалана отырып, жауапты түсіндіріңіз

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі



Суретте текше кескінделген.

Оның қанша қыры бар?

А 9

С 11

В 10

D 12

Мазмұны: «Геометриялық фигуралар және өлшемдер»

Танымдық саласы: «Білу»

Қазақстан бойынша нәтиже: 66%

Елдер бойынша орташа нәтиже: 58%

Ең жоғары нәтиже: 91%

Ең төмен нәтиже: 22%

Сарапшының пікірі. Оқушылардың геометриялық денелердің қасиеттері туралы білім деңгейі және кеңістік фигуралардың проекциялық кескінін жасау қабілеті анықталады. Кеңістік фигуралар бастауыш мектептің математика курсына оқытылады. Алайда, абстрактілі дамытуға, кеңістік фигуралардың элементтерінің қарым-қатынасын анықтау қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар сирек қолданылады. Тапсырманы орындаудың қиындығы кеңістік фигуралардың қасиеттері мен элементтерін анықтау кезінде дедуктивтік пайымдау логикасында болды.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Мазмұны: «Деректерді талдау»  
Танымдық саласы: «Білу»  
Қазақстан бойынша нәтиже: 67%  
Елдер бойынша орташа нәтиже:  
70%  
Ең жоғары нәтиже: 92%  
Ең төмен нәтиже: 20%

Сарапшының пікірі. Тапсырманың мазмұны «Кестелермен жұмыс» тақырыбына жатады. Математикалық мәтіндерді кестеден оқу және қажетті деректерді алу дағдылары бағаланады. Мұндай тапсырмалар қазақстандық мектептік математика оқулықтарында жиі кездесе бермейді.

Дегенмен, төртінші сынып оқушыларының жартысынан астамы ақпараттық кесте бағдарлану және деректерді есептің шартымен салыстыру қабілетін көрсетті.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Алма шырының бір шөлмегі 1,87 зед тұрады.  
Апельсин шырының бір шөлмегі 3,29 зед тұрады. Қуаныштың 4 зеді бар. Екі шөлмекті сатып алу үшін Қуанышқа тағы қанша ақша керек?

- А 1,06 зед       С 5,06 зед  
 В 1,16 зед       D 5,16 зед

Сарапшының пікірі. Оқушылардың математикалық есеп шешімінің үлгісін жасау дағдылары бағаланады. Сонымен қатар, «Ондық бөлшектерді қосу және азайту» тақырыбы бойынша білімді қолдану керек. Бұндай құрылымды мәтіндік тапсырмалармен жұмыс жасау Қазақстан бастауыш мектебінің бағдарламасында қарастырылады. Алайда, ондық бөлшектерді есептеу кезінде қиындық тууы мүмкін, өйткені оқушылар олармен 5-сыныпта танысады. Тапсырманы орындау үшін оқушыға екі шөлмектің бағасын есептеу, содан соң бар сомамен салыстырып, жетпейтін соманы есептеп табу керек. Төртінші сынып оқушылары көшбасшы елдердің нәтижелерінен төмен, бірақ қатысушы елдердің басым бөлігінен жоғары болған нәтижеге болып, тексеру қабілетін меңгергенін көрсетті.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Айгүл сыныбының бірнеше оқушысы мектептегі мерекеде тәтті нан қорапшаларын сатты. Төмендегі кестеде осы оқушылардың әрқайсысы сатқан қорапшалардың саны көрсетілген. Қанша оқушы 10-нан артық тәтті нан қорапшасын сатты?

Аты	Тәтті нан қорапшаларының саны
Айгүл	12
Мұрат	7
Ерлан	8
Ксения	11
Болат	13
Ирина	9
Әсем	12

Мазмұны: «Сандар»  
Танымдық саласы: «Қолдану»  
Қазақстан бойынша нәтиже: 58%  
Елдер бойынша орташа нәтиже: 51%  
Ең жоғары нәтиже: 79%  
Ең төмен нәтиже: 22%


Мазмұны: «Деректерді талдау»  
 Танымдық саласы: «Қолдану»  
 Қазақстан бойынша нәтиже: 59%  
 Елдер бойынша орташа нәтиже: 39%  
 Ең жоғары нәтиже: 77%  
 Ең төмен нәтиже: 4%

Сарапшының пікірі.  
 Тапсырманың мазмұнын өмірлік жағдайдан «тасымалдау» дағдыларын қажет ететін танымдық математикалық есеп.

2008 жылы алғашқы алты айда Медет, кестеде көрсетілгендей, телефонға қаражаттың келесі сомаларын төледі:

Ай	I	II	III	IV	V	VI
Сума	5	20	60	40	0	5

2009 жылы алғашқы алты айда Медет, диаграмма көрсетілгендей, телефонға қаражаттың келесі сомаларын төледі:



Кейбір айларда Медет 2009 жылы, 2008 жылға қарағанда, телефонға анағұрлым аз төледі. Қай айларда екенін анықтаңыз?

Бастауыш сынып оқушылары өз жасына байланысты бұл тапсырмада суреттелген жағдайда әлбетте болмады. Сонымен бірге, оқу бағдарламалары төртінші сынып оқушыларында кестелердің мәліметтеріне диаграмманың мәліметтерімен түсінік беру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Алайда, кесте мен диаграммада келтірілген ерекшеленетін мәліметтерді салыстыру оқушылар үшін күрделі болды.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі



Сағат 3.00-де сағаттың тілдері тік бұрыш жасайды. Сағат нешеде сағат тілдері тағы да тік бұрыш жасайды?

- A 3:15       C 9:00  
 B 3:45       D 9:45

Мазмұны: «Геометриялық фигуралар және өлшемдер»  
 Танымдық саласы: «Қолдану»  
 Қазақстан бойынша нәтиже: 79%  
 Елдер бойынша орташа нәтиже: 68%  
 Ең жоғары нәтиже: 97%  
 Ең төмен нәтиже: 23%

Сарапшының пікірі. Халықаралық тесттің мазмұндық бөлігі қазақстандық оқу бағдарламаларының мақсаттарына сәйкес келеді – «Бұрыштардың түрлері» тақырыбы. Тапсырманың форматы оқушылар үшін дәстүрлі нысанда ұсынылғанына қарамастан, қатысушылардың 21%-ы тапсырманы орындай алмады. Мұғалімдерге геометриялық өлшемдердің

элементтері бар математикалық есептерге ерекше назар аудару керек. Елдің бастауыш мектебінде бұл, шынымен-ақ, әлсіз буын.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Мазмұны: «Деректер»

Танымдық саласы: «Қолдану»

Қиындық деңгейі: «Төмен»

Қазақстан бойынша нәтиже: 60%

Елдер бойынша орташа нәтиже: 81%

Ең жоғары нәтиже: 98%

Ең төмен нәтиже: 57%

Бірінші ұсынылған тапсырманы (қиындық деңгейі - төмен) 29 елде оқушылардың 80%-дан астамы сәтті орындады, бұл орташа халықаралық көрсеткіштен асып түсті. Қазақстанда

Аюдың түрі	Масса (кг)
Малай	150
Панда	200
Қара	250
Қоңыр	500




Кестеде 4 аюдың массасы көрсетілген.

Диagramманы аяқтау үшін деректерді пайдаланыңыз.

бұл тапсырманы төртінші сынып оқушыларының 60%-ы орындай алды. Тапсырманы шешу үшін мектеп оқушылары диаграмма құруда кесте деректерін пайдалану қажет болды. «Бағаналық диаграммалар» тақырыбы Қазақстанда тек 5-сыныптан бастап оқытылатынын атап өтеміз, алайда қатысушылардың жартысынан көбі диаграмманы аяқтай алды.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Үзік сызық симметрия сызығы бола алатындай, берілген фигураны толықтырыңыз.



Мазмұны: «Геометриялық фигуралар мен өлшемдер»

Танымдық саласы: «Қолдану»

Қиындық деңгейі: «Орташа»

Қазақстан бойынша нәтиже: 84%

Елдер бойынша орташа нәтиже: 70%

Ең жоғары нәтиже: 97%

Ең төмен нәтиже: 13%

Орта деңгейдегі тапсырманы шешу де көптеген мектеп оқушыларына қиындық тудырмады. 30 елде, оның ішінде Қазақстанда оқушылардың 70%-дан астамы оны шеше білді. Алайда ҚР оқушыларының 16%-ы бұл тапсырманы орындай алмады.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Нұрай әжесінің үйіне велосипедпен келе жатыр. Ол жолдың  $\frac{3}{8}$  бөлігін жүріп өтті. Нұрай жолдың енді қандай бөлігін жүруі тиіс?

Мазмұндық сала: «Сандар»  
Танымдық сала: «Қолдану»  
Қиындық деңгейі: «Жоғары»  
Қазақстан бойынша нәтиже: 25%  
Орташа халықаралық көрсеткіш: 47%  
Максималды нәтиже: 86%  
Минималды нәтиже: 11%

Қиындығы жоғары тапсырма көптеген қатысушы елдердің оқушыларына қиындық тудырды. Қазақстанда тапсырманы оқушылардың төрттен бір бөлігі ғана орындады. Бұл тапсырма оқушылардан бүтіннің бөлігін және бөліктер бойынша бүтінді табуға арналған тапсырмаларды шешу дағдылары мен қабілеттерін талап етті. Төртінші сынып оқушылары логикалық ойлау және талдау арқылы дұрыс жауапқа келуі керек еді. Қазақстандық балалардың төмен нәтижелері мұндай тапсырма қазақстандық мектептерде 5-сынып бағдарламасында оқытылатын «Жай бөлшектер» тақырыбына жататындығымен түсіндірілуі мүмкін

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Мазмұндық сала: Сандар  
Танымдық сала: Пайымдау  
Қиындық деңгейі: Ілгері  
Қазақстан бойынша нәтиже: 21%  
Орташа халықаралық көрсеткіш: 24%  
Максималды нәтиже: 55%  
Минималды нәтиже: 6%

Мұғалім 30 оқушыны топтарға келесідей бөлгісі келеді:

- әрбір топтағы оқушылардың саны бірдей болуы керек және
- әрбір топтағы оқушылардың саны тақ болуы керек.

Мұғалімнің топқа бөлуінің екі түрлі әдісін көрсетіңіз.

**1 тәсіл**  
Топтар саны: \_\_\_\_\_  
Әрбір топтағы оқушылар саны: \_\_\_\_\_

**2 тәсіл**  
Топтар саны: \_\_\_\_\_  
Әрбір топтағы оқушылар саны: \_\_\_\_\_

Келесі тапсырма «ілгері» қиындық деңгейіне жатады. Қазақстанда тапсырманы сәтті орындаған оқушылардың ең көп үлесі 21%-ы. Аталған тест тапсырмасын шешу үшін оқушылар осы жағдай туралы пайымдау қабілеттерін көрсетіп, тиісті әдістерді таңдауы керек еді.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі


Футбол жарысында команда: Жеңіс үшін 3 ұпай, тең түссе 1 ұпай, жеңілсе 0 ұпай алады. Зеландия командасында 11 ұпай. Зеландия кем дегенде қанша ойын өткізген?

Мазмұндық сала: Сандар  
Танымдық сала: Пайымдау  
Қиындық деңгейі: Ілгері  
Қазақстан бойынша нәтиже: 25%  
Орташа халықаралық көрсеткіш: 27%

*Жауабы: 5*

Оқушыларға натурал сандармен есептеу операцияларын жүргізуді талап ететін көп кезеңді сандық тапсырманы шешу қажет. Таныс спорттық жағдаймен берілген осы тапсырма стандартты емес тапсырма болып табылады, сандарды білумен қатар, дамыған логикалық ойлау қабілетін талап етеді.

Қазақстандық төртінші сынып оқушыларының тек 25% ғана бұл тапсырманы дұрыс орындап шықты. Белгілі алгоритмдерді қолдана алмай және ойлау ретін ойластыра алмаған оқушылар -68%, 7% - тапсырманы орындаған жоқ. Халықаралық зерттеулерде оқушылардың 27% тапсырманың осы түрін игере алды.



Кестеде А және В фигуралары туралы бірнеше дәлелдер келтірілген. Дәлелдің дұрыс я бұрыстығын анықтау үшін, тиісті клеткаға Х белгісін қойыңыз.

Дәлелдер	Дұрыс	Бұрыс
Екі фигурада А және В да шаршы болып табылатын жағы бар.	X	
А және В фигураларында жақ саны бірдей.		X
А фигурасында тік бұрышы бар.	X	
В фигурасында А фигурасына қарағанда қабырғалары көп		X

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Мазмұндық сала: Геометриялық фигуралар мен өлшемдер

Танымдық сала: Білу

Қиындық деңгейі: Ілгері

Қазақстан бойынша нәтиже: 27%

Орташа халықаралық көрсеткіш: 32%.

Білу мазмұнды бөлімінің ашық типті геометриялық фигуралар бейнеленген мәтіндік тапсырма. Оқушылар ұсынылған тұжырымдармен келісу немесе жоққа шығару арқылы шаршы, қыр, тік бұрыш сияқты геометриялық терминдер бойынша білімдерін пайдалану қажет.

Тапсырма мазмұны геометриялық денелердің белгілерін тексеруге ғана бағытталып қана қойған жоқ, сонымен бірге кеңістіктегі фигураның проекциялық бейнесін оқу, куб және пирамида белгілерін салыстыру тұжырымдарының ақиқаттылығын анықтау қабілеттеріне бағытталды, мұндай тапсырмалар қазақстандық бастауыш мектеп бағдарламаларында қарастырылмайды. Тапсырманы орындаудағы қиындық логикалық ойлау болатын. 31,6% оқушы тапсырманы орындай алмады, 6,4% бұл тапсырманы мүлде орындаған жоқ.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Диаграммада Сосновая мектебінің әр сыныбының оқушылар саны көрсетілген.



Сосновая мектебінде әр сынып 30 оқушыға есептелген. Бұл мектеп ең көп дегенде оқушылардың қанша санын қабылдай алады?

- A. 20
- B. 25
- C. 30
- D. 35


Оқу-танымдық іс-әрекеттің Ойлау түрінің қиындық деңгейі жоғары дұрыс жауабын таңдау мүмкіндігі бар тапсырма диаграмма түрінде ұсынылған мәліметтерді пайдалануды және талдауды (түсіндіруді) талап етеді. ұсынылған. Мәліметтермен жұмыс 5-6-сыныптың оқу бағдарламасына енгізілген. Сәйкесінше, қазақстандық төртінші сынып оқушылары үшін сұрақта берілген материал жаңалық болды. Қазақстандық оқушылардың дұрыс жауаптар пайызы халықаралық көрсеткіштен төмен.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Мазмұндық сала: Геометриялық фигуралар мен өлшемдер  
Танымдық сала: пайдалану  
Қиындық деңгейі: Жоғары  
Қазақстан бойынша нәтиже: 55%  
Орташа халықаралық көрсеткіш: 42%

Жұлдыз фигура салуы қажет. Бұл фигураның қабырғасы, бір симметрия осі болуы керек.

Жұлдыз фигураны сала бастады. Жұлдыз фигурасын аяқта.



Пайдалану саласының Геометриялық фигуралар мен өлшемдер саласының тапсырмалары симметрия туралы түсінікті бағалап қоймайды, сонымен қатар, берілген фигураны сызуды, симметрия осін жүргізу қабілетін бағалайды. Жоғары деңгейдегі күрделі осы тапсырма Қазақстанның бастауыш сыныпта өтпейтін материал негізінде құрылған. «Симметрия» тақырыбына 5-6-сыныптардың оқу бағдарламасында 2 сағат беріледі (авторлары Т.А.Алдамұратова, Е.С.Байшоланов «Алматы кітап баспасы», 2011жыл). Дегенмен тестке қатысушылар тапсырманы орындаудың орта деңгейін көрсетті, бұл оқушылардың ақпараттандырылғанын куәландырады. Оқушылар 5 қабырғасы және 1 симметрия осі бар фигураны дұрыс салды және симметрия осінен  $\pm 2$  радиуста жаңа белесін бейнеледі.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі



Поезд Рудниден таңғы 8сағ. 45мин аттанды. Барковоға 2сағат 18 минуттан кейін жетті. Барковоға нешеде жетті?

A. 11 сағ. 15мин

B. 11 сағ 13 мин

C. 11 сағ 03 мин


D. 11 сағ 53 мин

Мазмұндық сала: Сандар  
Танымдық сала: пайдалану  
Қиындық деңгейі: Жоғары  
Қазақстан бойынша нәтиже: 47%  
Орташа халықаралық көрсеткіш: 52%

Жабық типті күрделілігі жоғары деңгейлі, уақыт өлшем бірліктері туралы білімдерді Пайдалану арқылы нақты өмірлік жағдайлар мәнмәтініндегі тапсырма. Тапсырмада 4-сыныптың «Натурал сандар» тақырыптық бөлім шегінде қарастырылатын материал берілген. Қазақстандық оқушылардың тапсырманы орындау деңгейі ортадан төмен. Осы нәтижелер уақыт өлшем бірліктері қолданылатын мәтіндік тапсырмаларды шешуге назар аударуды арттыру қажеттілігін көрсетті.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Мазмұндық сала: «Геометриялық фигуралар мен өлшемдер»  
Танымдық сала: пайдалану  
Қиындық деңгейі: орташа  
Қазақстан бойынша нәтиже: 57%  
Орташа халықаралық көрсеткіш: 63%



Анна бөлменің бұрышына қораптарды қойып жатыр. Барлық қораптар бір өлшемді. Ол неше қорап қолданды?

A. 25

B. 19

C. 18

D. 13

Геометриялық фигуралар мен өлшемдер бөлімінің жабық типті тапсырмасы. 4-сынып оқушыларына фигураны үш өлшемді кеңістікте көрсету керек және онда жасырылған қораптардың санын анықтау қажет. Тапсырма тікбұрышты параллелипед көлемін білуді және кеңістікті елестету мен қиялға негіздей отырып, өзіндік тұжырым жасау қабілетін қарастырады. Орындаудың талдауы геометриялық білімдері болмағанмен, фигураны құрашы бірдей заттардың саны бойынша фигура көлемін ойша анықтау қабілетін пайдаланып, тәжірибені негізге алу арқылы тапсырманы игергендігін көрсетеді. «Жазықтықта және кеңістікте фигураларды бейнелеу» тақырыбы Қазақстанның бастауыш сынып бағдарламасына енгізілмеген, тек 6-сыныпта қарастырылады. Сонымен қатар, қатысушы төртінші сынып оқушыларының жартысы тапсырманы шеше алды. Тапсырманы оқушылардың 40% қате орындады, олар тек суретте бейнеленген текшелерді (кубиктерді) санаған, құрылымның көрінбейтін бөлігіндегілерді есепке алмаған. Қалған төртінші сынып оқушылары тесттің стандартты емес түрі болғандықтан жауап бермей, қалдырып кеткен.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Дамир 4,8 км машинамен жүрді, содан кейін 1,5 км автобуспен жүрді. Дамир қандай қашықтықты жүріп өтті?

- A. 6,3 км
- B. 5,8 км
- C. 5,13 км
- D. 4,95 км

Мазмұндық сала: «Сандар»  
 Танымдық сала: пайдалану  
 Қиындық деңгейі: орташа  
 Қазақстан бойынша нәтиже: 63%  
 Орташа халықаралық көрсеткіш: 60%

Пайдалану оқу-танымдық іс-әрекетінің жабық типті тапсырмасы. Оқушылар тапсырманы шешу үшін ондық бөлшектер түсінігін және оларды жазу мен қосуды көрсету қажет. Қазақстандық төртінші сынып оқушыларының жартысынан көбі «Ондық бөлшектер» тақырыбы 5 және 6-сыныптарда оқылатына қарамастан, аталмыш тапсырманы игере алды.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Мазмұндық сала: «Мәліметтерді ұсыну»

Танымдық сала: пайымдау

Қиындық деңгейі: орташа

Қазақстан бойынша нәтиже: 76%

Орташа халықаралық көрсеткіш: 71%

Күрделілігі орта деңгейлі Ойлау  
 Оқу-танымдық іс-әрекетінің  
 Мәліметтерді ұсыну мазмұнды  
 бөлімінің тест тапсырмалары бастауыш  
 сыныптың оқу бағдарламасына сәйкес


келмейді, тапсырма 6-сынып оқулықтарында ұсынылған (авторлары Т.А. Алдамұратова, Е.С. Байшоланов, «Алматыкітап баспасы», 2011 жыл). Орындаудың жоғары пайызы озық білімдердің болуы мен қазақстандық оқушылардың ақпараттандырылғанын көрсетеді.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Мектеп директоры өз мектебінің оқушылары арасында олардың сүйікті пәндері бойынша сұрау жүргізді. Шенберлі диаграммада 5 пәннің әр қайсысы қанша оқушыға ұнағаны көрсетілген.




Қай бағандық диаграммаларда шенберлік диаграммадағы мәліметтер берілген?



Дима өз достарынан олардың сүйікті түстері қандай екенін сұрады. Алынған мәліметтерді ол кесте түрінде көрсетті.

Сүйікті түс	Достардың саны
Қызыл	4
Жасыл	2
Көк	6
Сары	7

Одан соң Дима алынған мәліметтерді бағаналы диаграммада көрсетті. Бұл диаграмманың қатар бойынша орналасуын аяқта.



Мазмұндық сала: «Мәліметтерді ұсыну»

Танымдық сала: пайдалану

Қиындық деңгейі: төмен

Қазақстан бойынша нәтиже: 73%

Орташа халықаралық көрсеткіш: 73%

Оқушылардың еркін құрастырылған жауабына бағытталған пайдалану оқу-танымдық іс-әрекет түрінің күрделілігі төмен деңгейдің тапсырмасы. 4-сынып оқушыларына базалық математикалық білімдерді көрсету, қарапайым баған түрінде берілген диаграммалар мен кестелерде берілген ақпаратты оқу қажет. Халықаралық сәйкестендіруде жеңіл тест тапсырмасын қазақстандық төртінші сынып оқушыларының 73%-ы орындай алды.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Мазмұндық сала: «Сандар»

Танымдық сала: пайдалану

Қиындық деңгейі: төмен

Қазақстан бойынша нәтиже: 73%

Орташа халықаралық көрсеткіш: 73%

Кемеде 218 жолаушылар мен 191 топ мүшелері бар.

Кемеде барлығы қанша адам?

Жауап: 409

Сандар мазмұнды бөлімінің күрделілігі төмен деңгейдің тапсырмасын орындау үшін натурал үш мәнді санды қосу, жұп разрядты қосу анықтамаларын көрсету керек.

Сандар бөлімі шегінде оқылатын берілген тапсырма негізгі мектептің 4-сынып оқушылары үшін сәйкес болып келеді. Тапсырма 3-сыныптың оқу бағдарламасына сәйкестендірілген.(авторлары А.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Бурова, «Алматыкітап баспасы»). Тапсырманы орындау бойынша талдауы ондықтар арасынан бір үш мәнді сандарды қосу кезінде жазбаша алгоритмнің орындалуының арифметикалық қимылдарын орындауда қазақстандық 4-сынып оқушылары жоғарғы дәрежеде меңгергендерін көрсетеді.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

4-□= 28

Теңестіру дұрыс болу үшін тордың ішіне қандай сан жазу керек?

Жауап: 7

Танымдық сала: білім

Қазақстан бойынша нәтиже: 93,8%

Орташа халықаралық көрсеткіш: 82,2%

Білу саласындағы тапсырманы орындаудың ең жоғарғы нәтижесін жеткіліксіз бөлігі бар қарапайым сандық түсініктер жайлы білімдерін тексеруге арналған тапсырма. Орта халықаралық мәні 82,2%-ға сәйкес келеді. Қазақстанның бастауыш мектеп оқу-бағдарламасымен қарастырылған стандартты тапсырмасының «Көбейту кестесі және азайту» мен «Белгісіз көбейткішті анықтау» тақырыбын оқыту үшін 56 сағат бөлінген (авторлары А.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Бурова, «Алматыкітап баспасы», 2011 жыл). Максималды нәтижеге жақын көрсеткіштерді келтіре отырып, қазақстандық 4-сынып оқушыларының көбейту қабілеттерін, көбейтіндінің жеткіліксіз бөліктерін «автоматты түрде» көрсетуді, көбейтуге өзара байланысқан мәндерді құрау және азайту қабілеттерін меңгерудің едәуір жоғарғы көрсеткіштері бар екенін атап көрсетуге болады. Берілген сандық мәндерді шешу қарапайым, дан соң қиындатылған құрылымның теңестіруін шешудің өтпелі кезеңі болып келеді.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Танымдық сала: білім

Қазақстан бойынша нәтиже: 15,5%

Орташа халықаралық көрсеткіш: 22,8%

Толя бәліштің – ½ бөлігін, ал Жанат осы бәліштің - ¼ бөлігін жеді

Олар бәліштің қай бөлігін бірге жеді.


Жауап: ¾

Сандар мазмұнды бөлімінің тапсырмасы қарапайым бір мәнді бөлшектерді қосу қабілеттерін және оларды шығара алуды тексереді. Қазақстанның 4-сынып оқушылары ең төменгі нәтиже - 15,5% көрсетті. Берілген тапсырма қиын дәрежелі тапсырмаға жатады. Тапсырма орындалуының орта халықаралық көрсеткіші - 22,8%-ды көрсетті. Қазақстандық оқушылардың төменгі көрсеткіші берілген аумақтағы қайта құрылу мен бір мәнді бөлшектерін қосуда жеткілікті білімнің, біліктілік пен бастауыш мектептің оқушыларының машықтарының еткіліксіздігінің дәлелі. «Ұқсас бір мәнді бөлшектерді шығару және қосу» (авторлары А.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Бурова, «Алматыкітап баспасы» 2011 жыл) тақырыбына арналған 4-сынып оқу бағдарламасына сәйкес келетін тапсырмасын оқытуға 2 сағат бөлінеді. Тапсырма трендік дәрежелі тапсырмалар қатарына жатады, ол TIMSS-2007 қолданылған, сонымен қатар орындалу нәтижесі едәуір жоғары болды (38,2%).

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Мұғалім Дастанға кесте берді де, осы кестеде берілген дұрыс мәліметтерді диаграммада көрсетуді сұрады. Оған төменде көрсетілген диаграммалардың қайсысын таңдау қажет?

Есім	Жинақтар
Сара	22 зед
Пётр	15 зед
Зарина	17 зед
Құралай	10 зед



Танымдық сала: пайымдау

Қазақстан бойынша

нәтиже: 15,5%

Орташа халықаралық

көрсеткіш: 22,8%

4-сынып

оқушыларының пайымдау

бөлімі тапсырмасын

орындаудағы ең жоғарғы

пайыздық көрсеткіші -


75,6%. Берілген тапсырма

кестелер мен

диаграммаларда

көрсетілген мағлұматты түсіндіру мен салыстыруды, сауатты оқи алу қабілеттерін көрсетуге бағытталған. Тапсырма Қазақстанның негізгі мектептерінде оқылмайтын мәліметтер бойынша құрылған және де 5-6 сынып оқулықтарында көрсетілген (авторлары Т.А.Алдамуратова, Е.С.Байшоланов, «Алматыкітап баспасы», 2011 жыл). Оқушылар үшін бұл - қиындық деңгейі бойынша жоғары тапсырма. Тестілеуге қатысқан оқушылардың жартысы дұрыс жауап көрсетті, бұл алдыңғы қатарлы білім мен ойлау активтілігінің дәлелі. Халықаралық салыстыруда оқушылардың орындау нәтижесі 72% екенін көрсетті. Бұл тапсырма да трендік болып келеді - TIMSS-2007-де орындалу пайызы 83,9% болды.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі



Соня жоғарыда көрсетілген фигураларды сұрыптау үшін кестені қолданды. Әр фигураны білдіретін әріптерді кестенің сәйкес келетін торына жаз.

А фигурасы кестеде белгіленіп қойылған.

	4 қыры бар	4 қыры ЖОҚ
Барлық қырларының ұзындығы бірдей	A F	D
Барлық қырларының ұзындығы бірдей ЕМЕС	C E	B

Мазмұндық сала: «Геометриялық фигуралар мен өлшемдер»

Танымдық сала: пайымдау

Қазақстан бойынша нәтиже: 9,5%

Орташа халықаралық көрсеткіш: 14,1%

Қазақстанның 4-сынып оқушылары пайымдау мазмұнды бөлімінің Геометриялық фигуралар мен өлшем Оқу-танымдық іс-әрекетінің (9,5%) тапсырмаларын аса сәтті орындаған жоқ. Ашық типтегі тапсырма берілген тапсырма жағдайына қарай геометриялық фигуралардың белгілерін білуге бағытталған. Фигураларды таңдау талдаудың логикалық жүрісін талап етті. Берілген тапсырма тек қазақстандық оқушыларға ғана қиынға түскен жоқ. Орындалудың орта халықаралық пайызы 14,1% құрады. «Көпбұрыштар» (авторлары А.Б.Акпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Бурова, баспа «Алматыкітап баспасы», 2011жыл) тақырыбы математикалық дайындықтың тест тапсырмалары сыныптың оқу бағдарламасына сәйкес келеді. Төменгі нәтиже 3-ші және 4-ші сыныптардағы өзекті білімнің жетіспеушілігінің себебі болуы мүмкін.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» ІЕА есебі

Женяда 12 алма болды. Ол бірнеше алманы жегеннен соң ода 9 алма қалды. Тапсырма шартына қай мән сәйкес келеді?

Танымдық сала: пайдалану

Қазақстан бойынша нәтиже: 82,4%

A.  $12+9=$ □

B.  $9=12+$ □

C.  $12-□=9$

D.  $9-□=12$

Пайдалану Оқу-танымдық іс-әрекеттің жалпы тапсырмаларының ішінен белгісіз есептелгішті табу ережесіне сәйкес қажетті есептеуді орындауды шешу кезінде қазақстандық оқушылар ең жоғарғы пайыз көрсетті. Тапсырманың сәтті орындалуының көрсеткіші 82,4%-ды құрады. 2-сыныптың оқу материалынан (авторлары А.Б.Акпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Бурова, «Алматыкітап баспасы», 2011 жыл) тұратын стандартты тапсырманы оқытуға 3 сағат бөлінеді.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

Мазмұндық сала: «Сандар»

Танымдық сала: пайдалану

Қазақстан бойынша нәтиже: 22,2%

Орташа халықаралық көрсеткіш: 14,1%

4-сынып оқушылары Сандар мазмұнды бөлімінің Пайдалану саласындағы «қанша есе көп /аз» арақатынасын көрсетуге негізделген тапсырманы орындауда төмен пайыз

көрсетті. Құрылымы бойынша кешенді(мәтін және кесте),қиындығы жоғары деңгейлі, Қазақстанның бастауыш мектептерінде оқытылмайтын тапсырма болып келеді. Өткен зерттеу кезеңіне қарағанда дұрыс жауап беру көрсеткіші едәуір төмендегенін TIMSS -2007 жыл - 38,3%, TIMSS-2011- 22,2%. Осындай тапсырмалардың орындалуының төмен нәтижесі берілген тақырыптарды Қазақстанның бастауыш мектеп оқу бағдарламаларына енгізу мақсатты қарастырылатын мүмкіндіктерді тұжырымдайды.

Дереккөз: «Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 4-сынып» IEA есебі

### 8-сынып

Қазақстанның 8-сынып оқушылары TIMSS халықаралық зерттеуіне үш рет қатысты: 2011, 2015, 2019 жылдар. Осы жылдарда білім алушылардың зерттеулерде алған нәтижелері 5-суретте көрсетілген [7].

Атап айтқанда, 2015 жылғы көрсеткіштер 2011 жылмен салыстырғанда 41 балға өскен болса, 2019 жылғы көрсеткіштер 2015 жылмен салыстырғанда 40 балға төмендеген, бірақ TIMSS-2019-дағы білім алушылардың көрсеткіштері 2011 жылғы қатысушылардың нәтижелерімен салыстырғанда 1 балға артық.


Осылайша 2011-2019 жылдар аралығындағы зерттеу циклдері бөлінісінде қазақстандық 8-сынып білім алушыларының жетістіктері бірқалыпты емес. Цикл бойынша қазақстандық 8-сынып білім алушыларының математикадан TIMSS шкаласының орташа мәнінен (500 балл) кейде жоғары, кейінде төмен нәтижелер көрсетті (6-сурет).

Азық-түліктер	
Жұмыртқа	4
Ұн	8 шәшке
Сүт	1½ шәшке


Кестеде көрсетілген азық-түліктер 6 адамға құймақ пісіру үшін қажет. Саша құймақты 3 адамға арнап пісіргісі келеді.

3 адамға құймақ пісіру үшін Сашаға қанша азық-түлік керек екенін келесі кестеге жаз. Кестеде оған қанша жұмыртқа керек екені көрсетілген.

Азық-түліктер	
Жұмыртқа	2
Ұн	__4__ кружка
Сүт	__ __ кружка




5-сурет. Математика бойынша 8-сынып оқушыларының нәтижелері



6-сурет. Математика бойынша циклдер бөлінісінде халықаралық орташа көрсеткіш пен Қазақстанның 8-сынып оқушыларының нәтижелерінің орта көрсеткішін салыстыру


**2011 жыл.** Санның мазмұндық блогы бүтін сандар мен бөлшектерді, пропорциялар мен пайыздарды түсінуді, есептерді шешуде оларды қолдану дағдыларын көрсетуді қамтиды; мазмұндық блоктың тапсырмалары Алгебра сандық заңдылықтарды анықтауға және ситуациялық есептерді шешуде алгебралық белгілерді қолдануға бағытталған; мазмұндық блоктың тапсырмалары Геометрия талап етеді оқушылар геометриялық фигуралардың қасиеттерін талдай білуі және негізделген жауаптарды ұсына білуі керек; мазмұндық блок Деректер мен ықтималдық деректерді, Графиктер мен кестелерді ұсынуға және түсіндіруге арналған тапсырмаларды қамтиды. Қазақстандық сегізінші сынып оқушылары Алгебра блогының тапсырмаларын сәтті орындады, ал оқушылар үшін ең қиыны Графиктер мен кестелерде берілген мәтіндік есептерді түсіндіру болды (сурет. 7).



Дереккөз. TIMSS-2011 зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер

### 7-сурет. Мазмұнды блоктар бойынша оқушылардың нәтижелері

TIMSS-2011-де мазмұнды бағыттармен бір мезгілде оқу - танымдық қызмет түрлері бойынша тестілеуге қатысушылардың нәтижелілік көрсеткіштері-Білім, қолдану және пайымдау бағаланады. Зерттеу қорытындысы бойынша Қазақстанның 8-сынып оқушылары Білім сияқты оқу-танымдық іс-әрекеттің осы түрінің тапсырмаларын жақсы орындағаны, ал блоктың тест тапсырмаларын орындау кезінде қолдану мен пайымдаудың төмен пайызын көрсеткені анықталды. Бұл оқушылардың нақты өмірде математикалық білімді қолдануға дайындығының жеткіліксіз деңгейін көрсетеді (сурет.8).



Дереккөз. TIMSS-2011 зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер

### 8-сурет. Оқу-тәрбие қызметінің түрлері бойынша оқушылардың нәтижелері

TIMSS-2011 тест тапсырмалары жабық және ашық типтегі сұрақтармен ұсынылды. Жабық типтегі сұрақтар TIMSS-2011 тест тапсырмаларының жартысынан көбін құрады, онда студенттерге төрт нұсқаның ішінен бір жауапты



таңдау құқығы берілді. Ашық типтегі тапсырмалар оқушының еркін құрастырылған жауабын, графиктерді, диаграммалар мен кестелерді түсіндіруді және ұсынуды қамтиды. Қазақстанның 8-сынып оқушыларының тест тапсырмаларын орындау нәтижесі олардың әртүрлі элементтер арасында салыстыру және дәлелдеу, талдау және байланыс орнатудың жеке дағдылары жеткіліксіз дамығандығын көрсетеді (9-сурет).

	Жауапты таңдау	Конструктивті жауап	Барлық тапсырмалар
Тапсырмалар саны	118	99	217
Орындау проценті	48,3	36,4	


Дереккөз. TIMSS-2011 зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер

### 9-сурет. Тапсырмалар түріне қатысты нәтижелер

#### 2015 жыл.

Жалпы есепте қазақстандық TIMSS-2015 қатысушылары негізгі мектептің математикалық дайындығын бағалауда 528 балл жинады. Бұл зерттеуге қатысушы 39 елдердің қорытынды кестесінде 7 позициясына сәйкес келді.

TIMSS-2015-те ілгері деңгейдің тапсырмаларын орындаған қазақстандық сегізінші сынып оқушылары пайызының өсімі 5 есе артты. Осы кезекте бұл көрсеткіш, басқа деңгейлердің тапсырмаларын орындау нәтижелерімен салыстырғанда, әлі де төмен болып тұр (10-сурет).



Дереккөз: «TIMSS-2015. Математика пәнінен халықаралық нәтижелер, 8-сынып» IEA есебі

### 10-сурет. Тапсырмалар түріне қатысты нәтижелер

Төмен деңгейдің тапсырмаларын орындағандар үлесінің көрсеткішіне (оқушылардың 91%) төмен, орташа, жоғары және ілгері деңгейлердің тапсырмаларын орындағандардың барлығы кіреді. Ілгері деңгейдің тапсырмаларын орындаған сегізінші сынып оқушыларының 15%-ына басқа барлық деңгейлердің тапсырмаларын орындай алған оқушылар үлесінің көрсеткіші кірді.

Сәйкесінше орташа деңгей үшін 71% тек төмен және орташа деңгейлердің тапсырмаларын орындаған оқушылардың үлесін білдіреді, ал оқушылардың 41%-ы тек жоғары, орташа және төмен деңгейлердің тапсырмаларын ғана орындады.

Қазақстандық қатысушылардың 63%-ы кесте деректерімен жұмыс істеу дағдыларын көрсетті. Бұндай тапсырмалар негізгі мектептің математика сабақтарында тәжірибе жүзінде жиі орындалады. Елдер бойынша орындау көрсеткіші - 53%.

Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда, математикалық дайындықтың төмен деңгейін көрсететін қазақстандық қатысушылардың үлесі төмендеді (-6). Сонымен бірге, TIMSS-2015 қатысушы сегізінші сынып оқушыларының 9%-ы натурал сандар және ондық бөлшектерге арналған қарапайым есептерді әлі де шеше алмады, түзу графиктермен қарапайым тапсырмаларды әлі де орындай алмады.

TIMSS-2015 зерттеулері де «Сандар» және «Алгебра», «Геометрия» және «Деректерді талдау» мазмұндық бөліктерден құрылды.

Қазақстандық сегізінші сынып оқушылары «Алгебра» бөлімнің тапсырмаларын айтарлықтай жоғары деңгейде орындады. 555 балдық нәтиже елдің жалпы орташа балынан (528) жоғары болды.

Қазақстандық оқушылар маңызды ақпаратты алу және көрнекті деректері бар мәтіндік тапсырманы талдау математикалық қабілеттерін жеткілікті жоғары деңгейде көрсете алмады. Қазақстандық сегізінші сынып оқушыларының бұл бөлімнің тапсырмаларын орындау көрсеткіші (492 балл) ел бойынша орташа нәтижеден (529) төмен болды.


## **2019 жыл.**

Қазақстанның 8-сынып оқушылары 488 балл жинады, бұл TIMSS-2019 қатысушы елдер тізіміндегі шартты 21-ші позицияға сәйкес келеді. 8-сыныптағы қазақстандық оқушылардың көпшілігі (33%) төмен және орташа қиындық деңгейіндегі тапсырмаларды орындады.

Зерттеуге қатысқан қазақстандық сегізінші сынып оқушылары: тек төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындады – 30%; тек төмен және орташа деңгейдегі тапсырмаларды орындады – 33%; тек төмен, орташа және жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындады – 17%; ілгері деңгейді қоса алғанда, барлық деңгейдегі тапсырмаларды орындады - 5%.

Жалпы алғанда, қазақстандық сегізінші сынып оқушыларының 85%-ы төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындады (қатысушы елдер бойынша орта есеппен – 87%). Қиындығы орташа деңгейдегі тапсырмаларды оқушылардың 55%-ы (әлемде – 56%), жоғары деңгейдегі тапсырмаларды – 23%-ы (әлемде – 25%) орындады. Қазақстандық оқушылардың 5%-ы ілгері деңгейіндегі тапсырмаларды орындады (әлемде – 5%), ал 13%-ы ең төменгі деңгейіндегі тапсырмаларды да орындай алмады.

Енді қиындық деңгейлері бойынша тапсырмалардың орындалуын қарастырайық. 6-суретте циклдар (%) бойынша математикадан қиындық деңгейлері бойынша сегізінші сынып оқушыларының үлесі көрсетілген.




Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есеп (IEA, 2011, 2015, 2019)

6-сурет. Циклдар бойынша математикадан қиындық деңгейлері бойынша 8-сынып білім алушыларының үлесі (%)

Оқушылардың көпшілігі орташа және төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындаған. Математикадан жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындаған 8-сынып оқушыларының 5% - дан аспайды, ал оқушылардың 15%-ы төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындай алмады. Тапсырмалардың қиындық деңгейлеріне қарай 8-сынып білім алушыларының 2019 жылғы қорытындысын 2011 жылдың нәтижелермен айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Сонымен қатар, TIMSS-2019-да жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындаған 8-сынып оқушыларының үлесі 2% - ға өскен, ал орта деңгейдегі тапсырмаларды орындаған оқушылардың үлесі 2%-ға төмендеді. Қалған қиындық деңгейлері бойынша тапсырмаларды орындаған оқушылардың үлесі 2011 жылдың деңгейінде қалған. 2015 жылмен салыстырғанда 2019 жылы барлық қиындық деңгейлері бойынша оқушылар үлесінің айтарлықтай төмендеуі байқалады.

Әрі қарай 8-сынып білім алушыларының мазмұндық салалар бойынша тапсырмаларды орындау нәтижелерін қарастырайық (7-сурет).




Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер (IEA, 2011, 2015, 2019)

7-сурет. Циклдар бөлінісінде математиканың мазмұндық салалары бойынша 8-сынып білім алушыларының нәтижелері

2019 жылы 2011 жылдың нәтижелермен салыстырғанда 8-сынып оқушылары «Деректер және ықтималдық» және «Сандар» мазмұндық салалардың тапсырмаларын орындау нәтижесі сәйкесінше 18 балға және 3 балға артқан. Сонымен қатар, TIMSS 2019-мен салыстырғанда «Алгебра» және «Геометрия» мазмұндық салалары бойынша орташа балл сәйкесінше 2 балға және 5 балға төмендеген. Төмендеді. TIMSS зерттеу циклдары бойынша математиканың мазмұндық салалары бойынша 8-сынып білім алушылары тек қана «Алгебра» бөлімінің тест тапсырмаларын орындау кезінде TIMSS шкаласының орташа мәнінен (500 балл) жоғары нәтижелерді көрсеткен. Сонымен қатар, 2015 жылмен салыстырғанда барлық төрт мазмұндық сала бойынша 2019 жылы көрсеткіштер айтарлықтай төмендегенін байқаймыз.

Енді білім алушылардың танымдық салалардағы жетістіктерін қарастырайық. Математиканың танымдық салалары бойынша 8-сынып оқушыларының цикл бойынша нәтижелері 8-суретте көрсетілген.



Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер [IEA, 2011, 2015, 2019]

8-сурет. Циклдар бөлінісінде математиканың танымдық салалары бойынша 8-сынып оқушыларының нәтижелері

TIMSS-2019 8-сынып оқушыларының алдыңғы циклдармен салыстыра отырып, танымдық салалар бойынша нәтижелерін талдау 2011 жылмен салыстырылатындығын және 2015 жылғы нәтижелерден едәуір артта қалғандығын көрсетеді. Бұл жағдайда әр цикл ішіндегі үш цикл арасындағы балдарда шамалы айырмашылығы бар. Мәселен, 2011 жылы алшақтық 2-ден 7 баллға дейін, 2015 жылы 2-ден 8 баллға дейін және 2019 жылы 1-ден 2 баллға дейін болды.

## **2 TIMSS КРИТЕРИЙЛЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

TIMSS критерийлерін қолдана отырып, білім алушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастырудың мақсаты: Оқушыларды TIMSS халықаралық зерттеуінде кездесетін мәтінді есептерді, жол, жылдамдық, уақытқа берілген есептерді шығару, геометриялық фигураларға қатысты тапсырмаларды орындау, деректерді талдау дағдыларын дамыту.

Математика сабақтарында ұсынылған мәселенің математикалық компонентін бөліп, талқылау қажет тапсырмалар шеңберін кеңейту ұсынылады. Мысалы, терминдерді ажыратыңыз: "шегерімді атаңыз", "ең аз нәтиже беретін соманы таңдаңыз". Ауызша жұмысты белсенді қолданыңыз: математикалық диктант, математикалық қыздыру, жұпта жұмыс істеу, мысалы, "мұғалім – оқушы", "біз шешудің әртүрлі тәсілдерін талқылаймыз". Мұғалімдерді оқушылармен есте сақтауға және негізгі алгоритмдерді басқаруға шақырыңыз: кесіндінің ұзындығын қалай өлшеуге болады; көпбұрыштың қабырғаларының ұзындықтарының қосындысын, тіктөртбұрыштың ауданын табыңыз; арифметикалық есептеулер: қосу, азайту, бағанға көбейту, Қалдықпен бөлу. Нәтижені бағалауға итермелейтін тапсырмаларды ұсынуға болады.

Пәндік мазмұн мен Мета-пәндік мазмұн киетін тапсырмаларды шешіңіз.

Оқушының оқу ақпараты бар жұмысына назар аударыңыз: ол тапсырманы толығымен оқи ала ма, әсіресе егер оқу мәтіні интеграцияланған түрде ұсынылса, яғни "мәтін – кесте – мәтін", "мәтін – схема", "мәтін – иллюстрация". Оқушы оқу тапсырмасы үшін барлық маңызды фактілерді, деректерді, қатынастарды бөліп көрсете алатынын және қайталай алатынын сабақтан тексеріңіз. Оқушы шешімді қажетті түрде немесе формада ұсына ма: жауаптың толық немесе қысқаша жазбасы, нәтиже кестелік түрде. Бұл әрекеттер оқушының ақпараттық сауаттылығын қалыптастырады.

Оқушының бақылау-бағалау іс – әрекетіндегі рөлін күшейту ұсынылады: эталонмен салыстыру, "қиын жерлерді" анықтау, түсінбеушілікті тұжырымдау, тест немесе нақты тапсырманы орындамас бұрын әрекет ету тәсілдерін негіздеу; оқушыны техникалық дайындық үшін уақытты тиімді пайдалануға үйрету: жауап жазудың әртүрлі формалары бар тапсырмаларды орындау-қысқаша, шешім немесе түсініктеме түрінде орналастырылған.

4-сынып оқушыларымен келесі тапсырмалардың шешімін жүйелі түрде қарастыру:

- натурал сандармен әрекеттерді орындауды талап ететін;
- сандарды білуді ғана емес, сонымен қатар жеткілікті дамыған логикалық ойлауды қажет ететін стандартты емес;
- геометриялық денелердің қасиеттері туралы білімді тексеруге ғана емес, сонымен қатар кеңістіктік фигураның проекциялық бейнесін оқи білуге бағытталған;

- фигураларды салыстыруға қатысты мәлімдемелердің ақиқатын анықтау қажет;
- шешім мәтінді және графикті мұқият оқуды, графикте қамтылған ақпаратты пайдалану стратегиясын әзірлеуді талап етеді;
- әр түрлі білім қажет өлшем бірліктері, бір өлшеу жүйесінен екіншісіне ауысуды орындау мүмкіндігі;
- фигураларды білуге және кеңістіктік бейнелеу мен қиялға сүйене отырып, тәуелсіз қорытындыны ұсына білуге арналған;
- шешім қабылдау кезінде негізгі математикалық білімді көрсету, диаграммалар мен кестелер түрінде ұсынылған ақпаратты оқу қажет.

8-сынып оқушыларымен келесі тапсырмаларды шешуді жүйелі түрде қарастыру:

- студенттердің интеллектуалды дамуы үшін маңыздылығы күмән тудырмайтын стереометриялық фигуралардың қарапайым қасиеттерін зерттей отырып, кеңістіктік идеяларды дамытуға бағытталған;
- жетілдірілген деңгейдің жабық түрі бөлшектерді білдіретін ұсынылған Сан сызығынан нүктені анықтауға бағытталған;
- кесте деректерінен дұрыс пропорцияларды есептеу және оларды дөңгелек диаграммада көрсету қажет;
- пайыздық мөлшерлеме;
- функционалдық тәуелділік және т. б.

Математика сабақтарында арнайы тапсырмаларды жүйелі пайдалану, білім алушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырады және дамытады. Оларды қоршаған шындықтың қарапайым заңдылықтарында неғұрлым сенімді бағдарлауға және күнделікті өмірде математикалық білімді белсенді пайдалануға мүмкіндік береді.

Төменде TIMSS критерийлерін қолдана отырып, бастауыш сынып және математика мұғалімдері жасаған тапсырмалар берілген.

*1. Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Күлназым Дилдахановна Шалованың тәжірибесінен алынған*

**Оқу мақсаты:** 4.1.2.8 көптаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану

1 - тапсырма


**А-деңгей:** Білімді игеру деңгейін пысықтау тапсырмасы.

**Ойлау дағдылары: (білу, түсіну).**

Берілген тапсырмада заңдылықты анықтап, қосудың жазбаша алгоритмін еске түсіреді.

7-ші фигурада неше нүкте болатынын анықтап, барлық нүктелердің қосындысын табыңыз

**Процесс:** фигураларға қарап, заңдылықты анықтайды, қосудың жазбаша алгоритмін орындайды, қосындының мәнін табады.



**Дескриптор:**

- 7-ші фигурада неше нүкте болатынын анықтайды - 1 б.;
- барлық нүктелердің қосындысын табады – 1 б.

### 2- тапсырма


**В-деңгей:** Білімді игеру деңгейін пысықтау тапсырмасы.

**Ойлау дағдылары:** (білу, түсіну).

Бірқалыпты жылдамдықпен бара жатқан Арманның қай жолдармен жүрсе тез баратынын анықтайды.

*Тез жету жолын анықта*

**Процесс:** Суретке қарап, тез жету жолын анықтайды, қосудың жазбаша алгоритмін қолданып, қосындының мәнін табады.



**Дескриптор:**

- қай жолмен жүрсе тез баратынын анықтап, мәнін табады – 1б.;
- жазбаша қосу амалының алгоритмін қолданады – 1б.;

### 3-тапсырма

**С-деңгей:** Білімді игеру деңгейін пысықтау тапсырмасы.

**Ойлау дағдылары:** (білу, түсіну).


Әр қатардағы гүл саны 2-ге артып, 12-ші қатарға дейін гүл егілсе, бақшадағы барлық гүл саны қанша болады?

*Бақшадағы барлық гүл санын анықтаңыз*

**Процесс:** Суретке қарап, заңдылықты анықтайды, қосудың жазбаша алгоритмін орындайды, қосындының мәнін табады.

**Дескриптор:**

- әр қатардағы және барлық гүл санын анықтап, мәнін табады – 1б.;
- жазбаша қосу амалының алгоритмін қолданады – 1б.;



### 4-тапсырма

**А-деңгей:** Тапсырма өткен материалды жүйелеуге, есептің шартындағы берілгендер арасында байланыс орнатуға бағытталған. Ойлау, түсіну арқылы қызығушылықтары артады, шешімін табуға ұмтылады.


**Ойлау дағдылары:** (білу, түсіну, қолдану)

*Лабиринттен өтуге көмектес*

**Процесс:** Лабиринттегі өту жолын анықтап, қосу мен азайтудың жазбаша алгоритмін қолданып, мәнін табады.

**Дескриптор:**

- Қосу мен азайтудың жазбаша алгоритмін қолданып, мәнін есептеп табады-1б;



### 5-тапсырма

**В-деңгей:** Тапсырма өткен материалды жүйелеуге, есептің шартындағы берілгендер арасында байланыс орнатуға бағытталған. Ойлау, түсіну арқылы қызығушылықтары артады, шешімін табуға ұмтылады.

**Ойлау дағдылары:** (білу, түсіну, қолдану)

*Нәтиженің нешеге өзгертінін тап*

Берілген қосу амалындағы сандардың барлығының бірлік сандарын 3-ке, ондық сандарын 2-ге, жүздік сандарын 4-ке арттырсақ, ал мыңдық санын 3-ке азайтсақ шығатын нәтиже бастапқы нәтижеден нешеге өзгертінін табыңыз.

$$\begin{array}{r} 8056 \\ + 172 \\ 45 \\ \hline 3 \end{array}$$

**Процесс:** Әр разрядтағы сандарды өзгерту арқылы шыққан жаңа санды табады, бастапқы нәтижеден нешеге өзгергенін анықтайды.

**Дескриптор:**


- Қосу мен азайтудың жазбаша алгоритмін қолданып, мәнін есептеп табады – 1б.;

### 6-тапсырма

**С-деңгей:** Тапсырма өткен материалды жүйелеуге, есептің шартындағы берілгендер арасында байланыс орнатуға бағытталған. Ойлау, түсіну арқылы қызығушылықтары артады, шешімін табуға ұмтылады.

**Ойлау дағдылары:** (білу, түсіну, қолдану) .

1,2,3...20 сандарымен нөмірленген 20 дана қорапша бар. Әрбір қорапшаға өзінен басқа қорапшалардың нөмірлерінің қосындысындай доп салынады. (Мысалы: бірінші қорапшаға 2+3+4...+20, екінші қорапшаға 1+3+4...+20 т.б. Барлық қораптағы доптың жалпы санын анықтайды.





**Процесс:** Әрбір қорапшаға өзінен басқа сандарды салу арқылы, қосудың жазбаша алгоритмін қолданады, қорапшадағы барлық доптың санын анықтайды.

**Дескриптор:**

- Әрбір қорапшадағы сандардың қосындысын анықтайды – 1б.;
- Қосудың жазбаша алгоритмін қолданып, барлық доп санын табады -1б.;

7-тапсырма



**А-деңгей:** Бұл деңгейде есептерді шығарудың ыңғайлы тәсілдерін табады, орындау арқылы өзін-өзі тексереді, өмірмен байланыстырады, математикалық білімін өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолданады.

**Ойлау дағдылары: (білу, түсіну, қолдану, пайымдау)**

*Айлық жалақының үйде қалатын бөлігін табыңыз*

Дамираның әкесі барлық айлық жалақысының 6/1 бөлігін пәтер ақысына, 3/1 бөлігін азық-түлікке, 4/1 бөлігін төлемақы қағаздарына, қалғанының жартысын Дамираның оқуының төлемақысына төлейді және Дамираға айына қосымша 10260 теңге, інісіне балабақша төлеміне 11740 теңге жұмсайды. Дамираның анасының ай сайынғы алатын айлығы 150.000 мың теңге болса, әкесінің айлық жалақысы анасының айлық жалақысынан 30.000 мың теңгеге артық. Анасы үй шығындарына айлық жалақысының 4/1 бөлігін жұмсайды. Айлық жалақының үйде қалатын бөлігін табыңыз?



			Қалғанының жартысы оқу төлемі	Қосымша қаражат	Балабақша төлемі	Үй шығындарына анасының а/ж	Әкесінің а/ж Анасынан 30000 тг артық
6/1 бөлігі	3/1бөлігі	4/1бөлігі	?	10260	11740	4/1бөлігі	?

**Процесс:** Есептің шешу жолын анықтайды, мәнін табады. Отбасындағы кіріс табысы мен шығынды есептеу жолын біледі.

**Дескриптор:**

- әкесі мен анасының айлық жалақысын есептейді – 1б.;
- ай сайынғы шығынды есептеп, қалған сомманы анықтайды – 1б.;
- айлық жалақының үйде қалатын бөлігін табады -1б.

8-тапсырма

**В-деңгей:** Бұл деңгейде есептерді шығарудың ыңғайлы тәсілдерін табады, орындау арқылы өзін-өзі тексереді, математикалық білімін өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолданады.

**Ойлау дағдылары: (білу, түсіну, қолдану, пайымдау)**

*Торт неше теңге тұрады?*

Кондитерлік дүкенде бір торттың бағасы, бір бәліштің бағасының 2 есесінен 300 теңгеге арзан. Дүкенге 12 адам келіп, әрқайсысы бір бәліштен алып, 48000 теңге төледі. Онда бір торт неше теңге тұрады? Ал егер сатушы бір күнде екі торт сатып, 4900 теңге табыс және әр бәліштен 1030 теңге табыс табатын болса, бір айда 250000 теңге табыс табуы үшін, неше бәліш, неше торт сатуы керек?

Торттың бағасы	Бәліштің бағасы
	
?	?
<b>Бір айда 250000 мың теңге табыс</b>	
<b>Неше бәліш?</b>	<b>Неше торт?</b>
?	?

**Процесс:** Есепті шешудің алгоритмін құрады, есептеп, мәнін табады.

**Дескриптор:**


- бәліш пен торттың бағасын анықтайды – 1б.;
- бір айда сатылатын бәліш пен торттың санын есептеп, табады – 1б.

**9-тапсырма**

**А-деңгей:** Бұл деңгейдің есептерін шешу үшін, математикалық құралдарды таңдауда белгілі бір интуиция, пайымдау жүзеге асады.

**Ойлау дағдылары: (білу, түсіну, қолдану, пайымдау).**

*Өсу аралығын анықтаңыз*



Бір өсімдіктің ай сайынғы өсу биіктігі берілген. Екінші ай мен бесінші ай арасында орташа неше сантиметрге өскен?

**Процесс:** Суретті қарап, өсімдіктің ай сайынғы өсу қарқынын анықтайды.

**Дескриптор:**

- 2-5 ай аралығындағы өсімдіктің өсу қарқынын анықтайды – 1б.;
- әр ай сайын неше сантиметрге өскендігін табады – 1б.


**10-тапсырма**

**В-деңгей:** Есепті шешу үшін, математикалық құралдарды таңдауда белгілі интуиция, пайымдау жүзеге асады.

**Ойлау дағдылары: (білу, түсіну, қолдану, пайымдау).**

*Бастапқыда неше асық болғанын табыңыз*

Самат пен Қайратта 700 асық бар. Самат Қайратқа 200



асық бергендіктен Самат пен Қайраттың асықтары теңесті. Бастапқыда Самат пен Қайратта неше асықтан болған?

**Процесс:** Самат пен Қайраттың әрқайсысында неше асық және бастапқыда неше асық болғандығын анықтайды.

**Дескриптор:**

- әрқайсысының асық санын анықтайды – 1б.;
- бастапқыдағы асық санын табады – 1б.

### 11-тапсырма

**С-деңгей:** Бұл деңгейдегі есепті шешу үшін, математикалық құралдарды таңдауда белгілі бір интуиция, пайымдау жүзеге асады.

**Ойлау дағдылары: (білу, түсіну, қолдану, пайымдау).**

*Неше есеп дұрыс шығарылмағанын анықтаңыз*

Сыныпта математикадан 25 тапсырмадан құралған олимпиада өткізілді. Әрбір дұрыс шығарылған есеп үшін 10 ұпай қосылатын болса, ал әрбір қате шығарылған есеп үшін 2 ұпай алынады. Оқушылардың біреуі барлық есепті шығарып 178 ұпай жинады. Ол қанша есепті дұрыс шығармағанын табыңыз.



**Процесс:** Есептің шартын құрады, белгісізді анықтап, шешуін табады.

**Дескриптор:**

- қателескен есеп үшін алынған ұпайды есептейді – 1б.;
- неше есеп дұрыс, неше есеп қате екенін табады – 1б.

2. Сидикова Дурия Жұмағалиқызы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Баймырза Бесбаев атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалім

### Өнімділік шамаларының өзара тәуелділігіне байланысты есептер 12-тапсырма

(<https://wordwall.net/ru/resource/64965127/%d1%81%d0%bd%d0%bd%d1%8b%d2%a3-%d0%bf%d0%b0%d0%b9%d1%8b%d0%b7%d1%8b%d0%bd-%d1%82%d0%b0%d0%b1%d1%83>)

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Жоғары деңгей (түсіну, қолдану) – мәліметтерді қолдану және пайдалану

*Тігінші бірінші күні 1 белдемше, екінші күні 3 белдемше, үшінші күні 5 белдемше, төртінші күні 7 белдемше, осылай жалғастыра беретін болса, ол 7 күнде барлығы неше белдемше тігеді?*

Тігінші	1 күні	2 күні	3 күні	4 күні	5 күні	6 күні	7 күні
Белдемше	1	3	5	7	?	?	?

Барлығы-?

**Процесс:** тапсырманы орындау үшін алгоритмдер жасайды, математикалық мәтінмен жұмыс жасап ақпараттарды талдайды, логикалық қабілеті дамиды, математикалық формулаларды қолдана отырып өз ойын жазбаша түрде нақты жеткізе алады.

### Дескриптор:

- бір күнгі жұмыс өнімділігін анықтайды – 1б.;
- 5,6,7 күнгі жұмыс өнімділігін табады-1б.;
- барлық тігілген белдемшені табады – 1б.

*Уақыт аралығын есептеу*

13-тапсырма

(<https://wordwall.net/resource/64963663>)

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** қолдану, жоғары ойлау дағдысы

3 сынып оқушылары – 8:30-дан 12:35-ға дейін сабақта болады. Сабақтары 40 минуттан. Егер оқушылар түскі ас ішуге 15 мин уақыт жұмсайтын болса және әр сабақтан кейінгі үзіліс 10 минуттан. Онда бүгін 3 сыныпта қанша сабақ болды?

**Процесс:** математикалық мәтінмен жұмыс жасайды, мәтіннен керекті ақпаратты қолдана отырып, өз ойын жазбаша түрде анық және нақты түсіндіреді.

### Дескриптор:

- сабақ уақыттарын есептейді – 1б.;
- үзіліс уақыттарын есептейді – 1б.;
- жалпы сабақ санын табады – 1б.

*Санның пайызын табу*

14-тапсырма

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** қолдану, жоғары ойлау дағдысы

**Процесс:** математикалық формулаларды қолданады, дәлелдемелі пайымдау жүргізеді, және логикалық қорытынды жасайды.

### Дескриптор:

- санның 1% пайызын табады – 1б.;
- жеңілдік пайызын есептейді – 1б.;
- заттың жаңа бағасын анықтайды – 1б.



*Үлесін табу*


15-тапсырма

(<https://wordwall.net/ru/resource/64965254/%d2%af%d0%bb%d0%b5%d1%81%d1%96%d0%bd-%d1%82%d0%b0%d0%b1%d1%83>)

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** қолдану, жоғары ойлау дағдысы

Ауладағы тіктөртбұрыш тәрізді газон бетінің  $\frac{1}{3}$ -сінің ұзындығы 5 м және ені 3 м болатын жерге гүл егілген. Осы газон бетінің жалпы ауданын табыңыз.

**Процесс:** математикалық формулаларды қолданады, дәлелдемелі пайымдау жүргізеді, және логикалық қорытынды жасайды.



## Дескриптор:

- гүл егілген бөлікті анықтайды – 1б.;
- жалпы газон бөлігінің ауданын табады – 1б.

*Шалова Күлназым Дилдахановна Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі*

### 16-тапсырма


**Оқу мақсаты:** 4.3.3.2 нысандардың бастапқы орны мен қозғалыс бағытын (бір-біріне қарама қарсы, бірінен бірі қарама-қарсы бағытта) анықтау

**Мақсаты:** есептің белгілі шамалары мен белгісіз шамалары арасындағы байланыстарды айқындайды, нысандардың қозғалыс бағытын анықтайды.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Жоғары деңгей


Берілген тапсырмада жылдамдық пен жүрген жолды табу арқылы қозғалыстың формуласын еске түсіреді.

*Жүктемеге кіру арқылы көліктер қозғалысын анықтап, көліктердің жылдамдығы мен жолын рет-ретімен орында*  
(<https://learningapps.org/watch?v=pz8r4b7w223>)



Көліктер қалай қозғалды?

- Іздеуде
- Қарама-қарсы бағытта
- Бір бағытта кешігумен



Көліктер қалай қозғалды?

- Қарама-қарсы бағытта
- Іздеуде
- Бір бағытта кешігумен
- Бір-біріне қарама-қарсы

**Процесс:** есептің шешімін іздеуде мәтінге талдау жасайды, қозғалысқа берілген шамалардың арасындағы байланысты еске түсіре отырып есептейді, ақпараттық технологияларды пайдалану қабілеті дамиды.

## Дескриптор:

- көліктердің қозғалысын табады - 1б;
- жақындау жылдамдығын табады - 1б;
- екінші машинаның жылдамдығын табады - 1б;
- бірінші көлік жүріп өткен жолды табады - 1б;
- екінші көлік жүріп өткен жолды табады - 1б.

## 17-тапсырма

**Оқу мақсаты:** 4.2.1.8\*\* бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстағы арақашықтық формулаларын көрсету және қолдану  $s=v \cdot t$ ,  $t=s: v$ ,  $v=s:t$

**Мақсаты:** бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстағы арақашықтық формулаларын табады, есеп шығаруда орынды қолданады.

**Материалды түсіну деңгейін анықтауға арналған тапсырма.**

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Түсіну деңгейі

Берілген тапсырмада қозғалыстағы арақашықтық формулаларын еске түсіреді, белгісіз шамаларды қозғалыс формулалары арқылы есептеп табады.

*Ссылка кіру арқылы қозғалыстағы арақашықтық формулаларын еске түсір, белгісіз шамаларды формула арқылы орындап тап.*

[https://learningapps.org/watch?](https://learningapps.org/watch?v=pggqjd26t23)

*v=pggqjd26t23*



**Процесс:** формулаларды еске түсіреді, әр қадамды баса отырып белгісіз шамаларды есептеп табады, әр қадамның дұрыстығын дәлелдейді, ақпараттық технологияларды пайдалану қабілеті дамиды.

**Дескриптор:**

- формула арқылы уақытты табады - 1б.;
- формула арқылы жылдамдықты табады - 1б.;
- формула арқылы қашықтықты табады - 1б.;
- формула арқылы екінші жылдамдықты табады - 1б.

## 18-тапсырма

**Оқу мақсаты:** 4.5.1.9\*\* артынан қуып жету, бір бағыттағы қалып қою қозғалысына берілген есептерді арифметикалық және алгебралық әдіспен шешу.

**Мақсаты:** артынан қуып жету, бір бағыттағы қалып қою қозғалысының формулаларын есіне түсіреді, берілген есептерді формулаларды қолданады, есепті арифметикалық және алгебралық әдіспен шешеді.


**Алдыңғы білімді игеру деңгейін қайталауға арналған тапсырма.**

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу, түсіну деңгейі

Берілген тапсырмада қозғалыстағы арақашықтық формулаларын еске түсіреді, артынан қуып жету қозғалысын арқылы берілген белгісіз шаманы алгебралық және арифметикалық әдіспен есептеп шешеді.

*Қуып жету жылдамдығын анықтап,  
уақытты есептеп тап*

Маржан күшігі жоғалып қалғанын олардың арақашықтығы 100 м болғанда байқады. Олар бір уақытта жүгіре жөнелді. Күшік 8 м/с жылдамдықпен қашты, ал Маржан оны 10 м/с жылдамдықпен қуа жөнелді. Неше секундтан кейін Маржан күшігін қуып жетеді?



**Процесс:** есепті оқиды, формулаларды қолданады, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларымен өздігінен құрастырып есептеп табады.

**Дескриптор:**

- қуып жету жылдамдығының формуласын жазады - 1б.;
- жақындау жылдамдығын табады - 1б.;
- уақытты табу формуласын табады - 1б.;
- уақытты есептеп табады - 1б.

### 19-тапсырма

**Оқу мақсаты:** 2.4.3.2 берілген заңдылық бойынша тізбекті құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу.

**Мақсаты:** сандардың тізбегін құрастырады, заңдылығын анықтайды.

**Шығармашылық деңгейін анықтау тапсырмасы**

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Қолдану деңгей

Берілген тапсырмада заңдылықты анықтай отырып, тіктөртбұрыштың ауданын табуды еске түсіреді.

*Бесінші фигураның  
қабырғаларын анықтап,  
ауданын тап*

Бауыржан математика пәнінен үйірме сабағында тіктөртбұрыштар тізбегін



жасады. Әрбір жасаған сайын ол тіктөртбұрыштардың қабырғасын бірдей санға арттырып отырды. Жоғарыда сол тізбектегі алғашқы үш тіктөртбұрыш бейнеленген. Енді бесінші тіктөртбұрыштың ауданы нешеге тең болатынын табыңыз?

**Процесс:** суреттегі тіктөртбұрыштарды қарай отырып қолда бар деректермен іздеу қадамдарын жоспарлайды, дәлелдемелі пайымдау жүргізеді, математикалық терминологияларды пайдалана отырып, өз ойын жазбаша нақты түсіндіре алады.

**Дескриптор:**

- заңдылықты анықтайды - 1 б.;
- бесінші фигураның қабырғасын анықтайды - 1б;
- фигураның ауданын табады - 1б.

## 20-тапсырма

**Оқу мақсаты:** 4.5.1.1 есепті сызба, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу;

**Мақсаты:** есепті график түрінде модельдейді, есепке сызба құрастырады.

**Материалды меңгеру деңгейін анықтау тапсырмасы**

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Жоғары деңгей

Берілген тапсырмада есепті график түрінде модельдейді, есепке сызба құрастырады.

*Есепті оқып, тапсырманы орында*

Ақбота, Рабиға, Елдос кинотеатрға барды. Олар кино көріп болған соң үйлеріне жаяу қайтты. Оларға Елдостың үйіне жету үшін 18 минут керек. Содан кейін Рабиғаның үйіне жету үшін Ақбота мен Рабиғаға 15 минут қажет. Ал Ақбота үйіне жету үшін 17 минут керек. Ақбота үйіне сағат 17.00-де келу үшін кинотеатрдан сағат нешеде шығуы мүмкін?

**Процесс:** есепті орындау үшін алгоритмдер жасайды, тапсырманың орындалу барысын графикалық түрде модельдейді, ақпараттағы мәліметтерді салыстырады, мәліметтерді жинақтайды, қозғалыс графигін сызады, логикалық негізделген қорытындылар жасайды.

**Дескриптор:**

- сызбасын сызады - 1б;
- барлық жолға кеткен уақыттарының қосындысын табады - 1б;
- шығу уақытын табады - 1б.

## 21-тапсырма

**Оқу мақсаты:** 4.3.3.1 қозғалыстың басталуы мен бағытын пайдалана отырып, нысандар қозғалысы сызбасын құру, сәйкес есептеулер жүргізу;

**Мақсаты:** қозғалыстың басталуы мен бағытын анықтайды, нысандар қозғалысы сызбасын құрады, сәйкес есептеулер жүргізу арқылы уақытын табады.

**Материалды меңгеру деңгейін анықтау тапсырмасы**

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Жоғары деңгей (күрделі тапсырмаларды шешу және алгоритмдерін түсіндіру)

Берілген тапсырмада есепті график түрінде модельдейді, есепке сызба құрастырады.

*Есепті оқып, тапсырманы орында*

Нұрлан пойызбен 5,8 км жүрді, содан соң ол автобуспен 2,5 км жолды жүрді, ары қарай машинамен 3,7 км жолды 14 сағат жүріп қалаға жетті. Ол қайтарда осы жолдарды жеңіл машинамен жүріп неше уақытын үнемдейді?

**Процесс:** тапсырманы орындау үшін алгоритмдер жасайды, математикалық мәтінмен жұмыс жасап ақпараттарды талдайды, логикалық қабілеті дамиды, математикалық формулаларды қолдана отырып өз ойын жазбаша түрде нақты жеткізеді.



**Дескриптор:**

- сызбасын сызады - 1б.;
- барлық жолды есептеп табады - 1б.;
- уақыттың айырмашылығын есептейді - 1б.

22-тапсырма

**Оқу мақсаты:** 4.1.3.6 10 000 тг, 20 000 тг купюраларды және түрлі мемлекеттің валюталарын (рубль, евро, доллар) ажырату және түрлі төлем жасау

**Мақсаты:** басқа елдердің валюталарын ажырата алады, бөліктерін таба отырып төлем жасайды.

**Материалды меңгеру деңгейін анықтау тапсырмасы**

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Жоғары деңгей

**Тапсырма :** Есепті оқып, ақшаның қалған бөлігін тап.

Айым мен Балым 560 долларды бөлісіп алды. Егер Балым ақшаның  $\frac{4}{7}$  бөлігін алса, Айым өз ақшасының  $\frac{1}{3}$  бөлігіне бөліш пен 40 долларына 1 стақан шырын алды. Сонда Айымда неше доллар қалады?

**Процесс:** әр қадамның дұрыстығын дәлелдейді, тапсырма сұрағына қарай орындау қадамдарын жоспарлайды, берілген үлесі арқылы бүтін бөлікті табады, табылған шешімнің дұрыстығы мен толықтығын тексереді.

**Дескриптор:**

- үлеске қатысты бөлігін табады - 1б.;
- екінші үлеске берілген тапсырманы есептеп табады - 1б.;
- қалған ақшаны есептеп табады 1б.

3. Тян Маргарита Юрьевна Меркі ауданының білім бөлімінің Иван Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі

23-тапсырма

**Оқу мақсаты:** 3.5.1.3 - санның және шаманың үлесін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** орташа деңгей (түсіну, қолдану) - нақты қойылған тікелей сұрақпен қарапайым жағдайларда Негізгі математикалық білімді қолдану.

**Есепті шығар.**

Әже дүйсенбіден бастап бір апта бойы бөкебай тоқып жүрді. Күн сайын ол бірдей ұзындықтағы жолақты тоқып отырды. Бөкебайдың қанша бөлігінің тоқылғанын және бүгінгі қанша тоқу керек екенін көрсететін бөлшектерді жазыңыз:

**Бейсенбі**  
**Сәрсенбі**  
**Сенбі**



**Процесс:** оқушылар бүтіннің бөліктерін анықтайды, әжесі бейсенбі, сәрсенбі және сенбіде шарфтың қай бөлігін байлады және қанша байлау керек бөлшектерді жазады.

**Бағалау критерийлері:**

- бүтіннің бөліктерін талдайды және анықтайды, қарапайым бөлшек түрінде жазады.

**Дескрипторлар:**

- әжесі бейсенбіде шарфтың қай бөлігін байлағанын анықтайды – 1б;
- әжесі сәрсенбіде шарфтың қай бөлігін байлағанын анықтайды-1б;
- әжесі сенбіде шарфтың қай бөлігін байлағанын анықтайды-1б.


#### 24-тапсырма

**Оқу мақсаты:** 3.1.2.1 - бөлшек дегеніміз бір бүтіннің бір немесе бірнеше бөліктері және екі натурал санның қатынасы екенін түсіну;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** жоғары деңгей (түсіну, қолдану) диаграммаларда берілген деректерді түсіндіру және пайдалану мүмкіндігі.

**Тапсырма.** Бөлшектерді салыстырыңыз.

**Процесс:** диаграммаларды қарастырыңыз, боялған фигураның бір бөлігін анықтаңыз, бөлшектерді жазыңыз, оларды салыстырыңыз,  $>$ ,  $<$  немесе  $=$  белгісін қойыңыз.



**Бағалау критерийлері:**

- бөлшектерді оқиды және салыстырады

**Дескриптор:**

- боялған фигуралар бойынша бөлшектерді жазады-1б;
- бөлшектерді салыстырады-1б;

#### 25-тапсырма.

**Оқу мақсаты:** 3.5.1.3 - санның және шаманың үлесін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару;

